

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті тергеу изоляторларының арнайы есеп бөлімдерінің жұмысы туралы нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2004 жылғы 9 шілдедегі N 210 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 29 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2973. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 25 қазандағы № 572 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2012.10.25 № 572 (қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

К Е Л І С І Л Д І

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б а с П р о к у р о р ы н ы ң
б і р і н ш і о р ы н б а с а р ы
І І І с ы н ы п т а ғ ы м е м л е к е т т і к
ә д і л е т к е ң е с ш і с і

2004 жылғы 8 шілде

Жолын кесу шарасы ретінде тұтқындау қолданылған сезіктілер мен айыпталушыларды ұстауға байланысты құжаттау мен есепке алу мәселелері бойынша қылмыстық-атқару жүйесі тергеу изоляторларының арнайы есеп бөлімдерінің қызметін реттеу мақсатында, **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті тергеу изоляторларының арнайы бөлімдерінің жұмысы туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы, Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің аумақтық қылмыстық-атқару жүйесі департаменттерінің бастықтары осы Нұсқаулықты жеке құрамының оқып-үйренуін ұйымдастырсын және тергеу изоляторларының жұмысы Нұсқаулық талаптарына сәйкес болуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасына жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

Министрдің міндетін атқарушы

"Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының арнайы
есеп бөлімдерінің жұмысы туралы
нұсқаулықты бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы
Әділет министрлігінің
2004 жылғы 8 шілдедегі
N 210 бұйрығымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті тергеу
изоляторларының арнайы есеп бөлімдерінің
жұмысы туралы
Нұсқаулық**

Ескерту: Барлық мәтін бойынша «ҚАЖКБ» деген сөздер «ҚАЖК ҚАЖД» деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық жолын кесу шарасы ретінде тұтқындау қолданылған сезіктілер мен айыпталушы адамдарды (бұдан әрі - сезіктілер, айыпталушылар) ұстауға байланысты құжаттарды ресімдеу және есепке алу мәселелері бойынша тергеу изоляторларының арнайы есепке алу бөлімдерінің (бұдан әрі - арнайы есепке алу бөлімдері) қызметін реттейді.

2. Тергеу изоляторларының арнайы есепке алу бөлімдері:

1) тергеу изоляторларында ұсталушы адамдардың дербес және сандық есебін жүргізеді, олардың алмасуларын бақылауды жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есеп жөніндегі комитетінің аумақтық органдарына (бұдан әрі - ҚС және АЕК) орталықтандырылған есепке алу үшін белгіленген тәртіппен есепке

алу құжаттарын жөнелтеді және ресімдейді;

3) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі (бұдан әрі - ӘДМ) белгілеген Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің аумақтық қылмыстық-атқару жүйесі департаменттеріне кейіннен бұл мәліметтерді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне жіберу арқылы сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың құрамы және қозғалысының саны туралы есепті ұсынады;

4) тергеу изоляторларында ұсталынушы сезіктілер, айыпталушылардың және сотталғандарға жеке істерін ескереді, жүргізеді және сақтайды;

5) сотталғандардан түскен апелляциялық және қадағалау шағымдарды есепке алады, оларды тіркеуді және иесіне жөнелтуді жүзеге асырады, оларға рұқсат беру мерзімін бақылайды және сотталғандарға осы шағымдарды қарау нәтижелерін хабарлайды;

6) кешірім жасау туралы қолдаухатты ресімдейді;

7) сотталғандардың тергеу изоляторларынан уақытылы кезінде босатылуын бақылауды жүзеге асырады және бұл туралы құжаттарды ресімдеуді қамтамасыз етеді;

8) қылмыстық жолын кесу шарасы ретінде тұтқындау қолданылған адамдарды тергеу изоляторларында ұстау мерзіміне бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

9) қылмыстық процесті жүргізуші органдарға сотталғандардың және күзет қамауындағы адамдардың жеке бастарын куәландыратын құжаттарына не болмаса осы құжаттардың расталған көшірмелеріне қарау салады және олардың дер кезінде келіп түсуін бақылауды жүзеге асырады;

10) этаппен айдауылдауға жататын адамдардың құжаттарын дайындайды;

11) сотталғандарды мерзімінен бұрын шартты босату туралы, бас бостандығынан айыруды түзеу колониясына ауыстыру туралы, неғұрлым жеңіл жазаға ауыстыру туралы, науқастығы жөнінде жаза өтеуден босату туралы материалдарды ресімдейді және оларды сотқа жөнелтеді;

12) Ішкіісмині, ПБ, прокуратура, сот органдарының, сондай-ақ басқа ұйымдар мен мекемелердің тергеу изоляторларының арнайы бөлімдердің құзыретіне жататын мәселелер жөніндегі қарау салуларына жауаптар дайындайды;

13) арнайы бөлімдердің құзыретіне жататын мәселелер жөніндегі шағымдарды, өтініштер мен хаттарды қарайды;

14) алынып тасталды.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006.06.09 N 175, 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Арнайы бөлім тергеу изоляторларының әкімшілік ғимаратына орналасады. Арнайы бөлімнің үй-жайындағы есіктердің сенімді тиегі, терезелерінің темір торы болуы және өрттен қауіпсіз болуы қажет.

Есептегі құжаттарды сақтау үшін арнайы бөлім қажетті мөлшерде темір немесе ағаш, темірмен сақталған шкафтармен қамтамасыз етіледі. Жұмыс уақытынан тыс кезде арнайы бөлімнің үй-жайы мөрленеді.

4. Сотталғандарды және сезіктілермен айыпталушыларды арнайы бөлімдегі жұмыстарға тартуға тыйым салынады.

2-тарау. Арнайы бөлімнің жұмысын ұйымдастыру

5. Арнайы бөлімнің барлық жұмысын тергеу изоляторларының басшылығы бекіткен жоспарға сәйкес оның бастығы ұйымдастырады.

6. Сезіктілер және айыпталушылардың, сотталғандардың тергеу изоляторларындағы болуына және қозғалысына байланысты арнайы бөлімнің төмендегідей дербес жұмыс учаскесі бөлінуі мүмкін:

1) жеткізілген және кеткен сезіктілер мен айыпталушыларға және сотталғандарды ресімдеу;

2) тергеу және анықтау органдарының есебіндегі сезіктілерді, айыпталушыларды есепке алу;

3) сотталғандарды есепке алу;

4) есепке алу-анықтама картотекаларын жүргізу;

5) суретке түсіру және дактилоскопиялау;

6) жалпы іс жүргізу.

Көрсетілген жұмыстарды орындау үшін арнайы бөлім бастығы жекелеген қызметкерлер тағайындауы немесе арнайы топтар құруы мүмкін.

3-тарау. Тергеу изоляторларында ұсталынушы адамдарды есепке алу нысандары

7. Есеп бөлімі осы Нұсқаулықпен бекітілген нысан бойынша тергеу изоляторларында есеп (дербес және сандық) жүргізеді.

8. Арнайы бөлім есепке алудың мынадай құжаттарын:

1) сезіктілер мен айыпталушылардың және сотталғандардың жеке істерін (1-қосымша);

2) N 1 нысанды есепке алу карточкасы (N 2 қосымша);

3) мерзімдік-бақылау картотекасының карточкаларын (3-қосымша);

4) сезіктілермен айыпталушылардың және сотталғандардың тәуліктік есебін алу дәптерін тікелей жүргізеді.

Сонымен қатар, есеп бөлімімен бұдан басқа күзет және қадағалау қызметтері

жасаған төмендегідей есепке алу құжаттарын:

5) тергеу изоляторларының қабылдау анықтау картотекасының карточкаларын (4-қосымша);

6) күзет қамауындағы адамдарды және сотталғандарды камераларға орналастыру картотекасының карточкаларын (5-қосымша);

7) тергеу изоляторларына жеткізілген адамдарды тәуліктік есепке алу ведомосін (6-қосымша);

8) тергеу изоляторларынан уақытша кеткен адамдарды тәуліктік есепке алу ведомосін (7-қосымша);

9) тергеу изоляторларында ұсталынушы адамдарды сандық тексеру кітабын (8-қосымша);

10) сотталғандардың және сезіктілердің, айыпталушылардың тергеу изоляторларындағы қозғалыстары туралы анықтаманы пайдаланады (9-қосымша).

4-тарау. Тергеу изоляторларына жеткізілген адамдардың есепке алу құжаттарын ресімдеу

9. Тергеу изоляторларына жеткізілген сезіктілер, айыпталушылар мен сотталғандарды қабылдауды тергеу изоляторлары бастығының кезекші көмекшісі (ТИБКК) жүргізеді.

10. Сотталғандарды немесе сезіктілерді және айыптыны қабылдау кезінде кезекші мынадай құжаттарды ресімдейді:

1) бір данада жасалатын жеке тінту хаттамасын (10-қосымша). Хаттамада тінту кезінде алып қойылған барлық құжаттар, хаттар, бағалы заттар, ақша және тергеу изоляторларында пайдалануға тыйым салынған заттар тізбеленеді;

2) алынып қойылған құжаттарды, ақшаларды, заттарды, сондай-ақ ордендерді, медальдарды және басқа да айыру белгілерін сақтауға қабылдау актілерін және квитанцияларды (тергеу изоляторларының ішкі тәртіп ережесіне сәйкес құрылады);

3) камералық және анықтамалық карточкаларды;

4) тұтқынға алынған адамның сауалнамасын (11-қосымша). Егер сезікті, айыпты адамға бұрын жеке іс ашылған жағдайда, тұтқынға алынған адамның сауалнамасы оның туыстарының көрсетуімен нақтыланады;

5) тергеу, анықтау органдарының және сот органдарының сезікті, айыпты окшаулау тәртібі туралы нұсқаулары болған кезде жасалатын окшаулау тізімін (12-қосымша) ресімдейді. Окшаулау тізімінің номері камералық карточкаға енгізіледі.

11. Тергеу изоляторларына түскен әрбір адамның тегі жеткізілген адамдарды есепке алудың тәуліктік ведомосіне енгізіледі, оны кезекші әр тәулікке (таңертеңгі сағат 8 таңертеңгі сағат 8 дейін) жасайды және ол арнайы бөлімге тапсырылады. Арнайы бөлімде ведомостер хронологиялық тәртіппен жеке іске тігіледі, ол тергеу изоляторларына жеткізілген адамдарды тіркеу мен есепке алу журналы болып табылады.

Тәуліктік ведомостегі тергеу изоляторларына жеткізілген адамның тегі тіркелген кезекті номер оның жеке ісінің номері болып табылады. Бұл номер сондай-ақ, камералық карточкада, оқшаулау тізімінде және N 1 нысандағы есеп карточкаларында көрсетіледі. Егер адам тергеу изоляторларына жеке ісімен бірге жеткізілсе, онда бұл істе және басқа да есеп өз құжаттарында адамның осы тергеу изоляторларында тіркелген номері көрсетіледі.

Тәуліктік ведомоске жазбалар номерлердің тәртібі бойынша жыл аяғына дейін енгізіледі. Тергеу изоляторларына жеткізілген адамның тегі кезекті номері көрсетіліп те, көрсетілмей де жазылады.

Келген сотталғандар мен сезіктілер, айыпталушылардың барлығының тектері, сондай-ақ басқа тергеу изоляторларынан, УиИ-ден, ТК, ТК-нан жеткізілген адамдардың тектері кезекті номерлері көрсетіліп жазылады.

Осы тергеу изоляторларынан жеке ісімен бірге бұрын басқа күзет қамауында ұстау органдарына, түзеу мекемесіне, сотқа этапталған немесе өзге қалада орналасқан тергеу органдарының қарауына берілген, осы тергеу изоляторларының есебінен шығарылған, бірақ одан соң кері қайтып келген адамдардың кезекті номері көрсетілмей-ақ жазылады. Осы тергеу изоляторлары арқылы жөнелтілген транзитпен жөнелтілетін адамдарды жазған кезде де кезекті номерлері көрсетілмейді. Мұндай жағдайда тәуліктік ведомостегі кезекті номерлерінің орнына "Қайтару" немесе "Транзит" деп жазылады.

12. Тергеу изоляторларынан жеке ісінсіз уақытша сот отырысына немесе есептен шығарусыз тергеу органдарының қарауына уақытша шыққан және тергеу изоляторларына қайтадан келген сезіктілер, айыпталушылардың тектері тәуліктік ведомоске енгізілмейді. Олардың келгені туралы тәуліктік уақытша кеткендерді есепке алу ведомосіне белгі жасалады.

13. Жеткізілген адамды қабылдау кезінде ресімделген жеке ісін және құжаттарын - жеке тінту хаттамасын, алып қойылған ақшалар мен өзге де заттардың квитанциялары мен кесімдерінің көшірмелерін, тұтқынға алынған адамның сауалнамасын (міндетті түрде туысқандары көрсетіле отырып барлық графалары толтырылған), сондай-ақ тергеу органының оқшаулау тәртібі туралы (егер ол бар болса) жазбаша нұсқауын кезекші қолхатпен арнайы бөлімге тәуліктік есепке алу ведомосіне тапсырады.

Камералық карточка сотталғанды немесе сезікті, айыпталушыларды

қабылдаған кезде корпус бойынша аға қызметкерге тапсырылады, ал анықтама карточкасы - сәлемдемелер қабылдайтын бөлменің бақылаушысына тапсырылады. Оқшаулау тізімі кезекшіде қалады және жеке істе сақталады.

14. Арнайы бөлім сотталғандарды немесе күдіктілерді, айыпталушыларды тергеу изоляторларына қабылдаудың негізділігін, кезекшінің құжаттарды осы Нұсқаулықтың 10-12-тармақтарымен бекітілген ережелерге сәйкес толтыруын тексереді және :

- 1) қабылданған адамға жеке іс ашуды;
- 2) тергеу изоляторларының картотекасы үшін әрбір қабылданған адамға N 1 нысандағы есепке алу карточкаларын ашуды;
- 3) қылмыс жасаған адамдардың орталықтандырылған және жергілікті есебін жүргізу үшін осы Нұсқаулықта көзделген есепке алу құжаттарын толтыруды;
- 4) осы адамдарынан алынып қойылған жеке басын куәландыратын құжаттардан басқа құжаттарды және хаттарды күзет қамауына алынған адам есепте тұратын тергеу органына немесе сотқа жөнелтуді;
- 5) сезіктілерді, айыпталушылардың жеке құжаттарын (әскери билет және т.б.) тиісті мекемелерге жіберуді;
- 6) адамның оның талабы бойынша тергеу изоляторларына келгені туралы бір тәулік ішінде тергеу немесе сот органына ақпарат жіберуді қамтамасыз етеді.

15. Тергеу изоляторларына келген сезіктілер, айыпталушылар жеке істерінде суреттері және дактилоскопиялық карталары болмаған жағдайда оларды фотодактилоскопия тобының қызметкерлері суретке түсіреді және дактилоскопиялайды. Олардың әрқайсысына бір-бірден дактилоскопиялық карта және 6 фотосурет, 4,5x6, 6x9 көлемдегі фотосуреттер (3 анфас және 3 профиль) дайындалады. Дактилоскопиялық карта жеке істің бірінші бөліміне тігіледі. Екі фотосурет (анфас және профиль) тұтқынға алынған адамның сауалнамасына, екеуі этаптауға дайындық кезінде жеке ісі жөніндегі анықтамаға жапсырылады, ал екі фотосурет жеке істің сыртына жапсырылған конвертке салынады. Осы конвертке колонияда фотокарточка дайындау жағдайы үшін негативі (егер фотосуретке түсіру пленкада жасалса) бірге салынады. ТК, тергеу изоляторларына ресімделетін сотталғандардың құжаттары үшін фотография дайындалмайды. Жеке іске арналған дактилоскопиялық картаның бланкілері, сондай-ақ тергеу изоляторларының есепке алу-анықтама картотекасына арналған N1 нысандағы есепке алу карточкасының бланкілері жергілікті жерлердегі қылмыстық-атқару жүйесі басқармаларында (бөлімдерінде) дайындалады.

16. Сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың есепке алу құжаттарын арнайы бөлім әзірлейді және қолданыстағы заңнамаға қатаң сәйкестікте КПС және СУ аумақтық басқармаларына жібереді.

17. Тергеу изоляторларында ұсталынушы әйел бала туған жағдайда оны тіркеу қолданыстағы заңнамаға белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

5-тарау. Жеке істерді жүргізу

18. Тергеу изоляторларына қамалған әрбір адамға арнайы бөліммен жеке іс ашылады (1-қосымша).

19. Жеке іс тиісті тәртіппен ұсталады, ал жатар оған құжаттары түрде тігіледі. Жеке іске тігілген барлық құжаттар істің жеке бірінші және екінші бөлімінде жасалатын жазбаға енгізіледі.

Жеке іске сезіктіге, айыптыға және сотталғанға медициналық картасы, орындау парағы, жеке құжаттары салынған конверттер тігілетін жағдайда олар істің екінші бөліміндегі жазбаға енгізіледі. Медициналық картаны медициналық бөлімге, орындау парағын бухгалтерияға тапсырған кезде, сондай-ақ сезіктілер, айыпталушылар және сотталғандар қамауындағы адамдар мен сотталғандардың жеке құжаттарын берген жағдайда бұл туралы жазбаға белгі жасалады. Жеке істегі конвертте сақтаулы жеке құжаттардың жазбасы (сезіктінің, айыптының және сотталғанның) жеке істің екінші бетінің ішкі жағына жазылады. Жеке істің сыртқы бетінің тозығы жеткен жағдайда жаңасымен алмастырылады. Мұндай жағдайда тұтқындағы адамның (сотталғанның) қозғалысы және басқа да мәліметтер ескісінен жаңа бетке көшіріледі, ал ескі сыртқы бет жойылады.

Транзитпен жөнелтілетін адамдардың жеке істері ашылмайды. Транзитпен жөнелтілетін адамдардың жеке тінту хаттамалары жеке іске қосылмайды, ол жеке іске тігіледі және арнайы есепке алу бөлімінде сақталады. Ерекше жағдайларда (мысалы, медициналық көрсеткіштер бойынша) транзитпен жөнелтілетін адамдардың жеке істері бар пакеттер тергеу изоляторының бастығы бекіткен жауапты қызметкердің баянаты негізінде ашылады.

Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 9 маусымдағы N 175 бұйрығымен .

20. Жеке істерді есепке алу, жүргізу және сақтау арнайы бөлімнің бұл үшін жеке жауапкершілікте болатын, неғұрлым тәжірибелі қызметкерлеріне жүктеледі .

21. Арнайы бөлім сезікті, айыпты және сотталғандарды тергеу изоляторларында ұстаудың негізділігін және олардың құжаттарының (қылмыстық жолын кесу шараларын таңдау туралы, бас бостандығынан айыруға соттау туралы және т.б.) рәсімделуінің дұрыстығын бақылауға міндетті.

Сезікті, айыпты адамдардың мәліметтері әртүрлі болған жағдайда немесе құжаттарда бұл адамдардың бірнеше тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген болса тергеу изоляторларының арнайы бөлімі қылмыстық процесті жүргізуші органға

сауалнамалық деректерін анықтау және осы мәселелер бойынша тиісті құжаттарды жіберу туралы сұрау салуға міндетті. Егер арнайы бөлімнің қызметкері сот өкімінің, ұйғарымының, қаулысының көшірмесін куәландырған мөрдің сезік тудыратынын анықтаса немесе құжаттар шешім шығармаған басқа соттың мөрімен куәландырылса арнайы бөлім соттан құжаттың мөрі анық түскен жаңа көшірмесін сұратуға міндетті.

Жеке ісінде өкімнің толық көшірмесі, сотталғанның кассациялық не апелляциялық шағымы бойынша соттың ұйғарымы немесе өкімнің заңды күшіне енуі туралы соттың хабарламасы болмаған жағдайда арнайы бөлім соттан тиісті құжат сұратады.

Өкімнің не ұйғарымның кіріспе, түсіндірме және қорытынды бөліктерінде мазмұндалған деректерде қайшылықтар болғанда, сотталған адамның тегі, аты, әкесінің аты және басқа да деректері бұрмаланғанда, оның туған күні мен айы туралы мәліметтер болмағанда арнайы бөлім өкім немесе ұйғарым шығарған соттан сотталғанның тура деректерін сұратады.

Егер де сотталғанға қатысты бірнеше өкім шығарылса және олар бойынша ақырғы жаза анықталмаған болса, арнайы бөлім бұл мәселені қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешу үшін материалдарды сотқа жіберуі керек.

Соттың Қылмыстық кодекстегі тиісті бапты асыра сілтеуі, жаза мерзімін есептеу кезіндегі қателіктері, колония түрін дұрыс тағайындамауы және басқа да өрескел қателері анықталған жағдайда арнайы бөлім ол туралы бас бостандығынан айыру орындарындағы заңдылықтың сақталуын қадағалайтын прокуратура хабарлайды.

Сотталған адамның олар бойынша түрме қамауындағы жазасын өтеп жатқан кейбір өкімдердің көшірмелері болмағанда түрменің арнайы бөлімі оның мұрағаттық ісін немесе өкімдердің көшірмелерін сұратуы керек.

Егер бірнеше рет сотталған адамға бастапқы өкімдер бойынша жаза мерзімі қысқартылса, бірақ өкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалған жазаның мерзімі өзгертілмеген болса, арнайы бөлім тиісті сотқа ақырғы жаза мерзімін анықтау туралы мәселе қоюы керек.

Егер жеке ісінде бұрын сотты болуының бар-жоғы туралы анықтама болмаса, арнайы бөлім КПСУ және СУ аумақтық басқармаларға сұрау салуы тиіс.

22. Қылмыстық процесті жүргізуші органның қамауға алынған адамның бастапқы деректерінің өзгеруі туралы қаулысының тергеу изоляторларына келіп түскенде арнайы бөлімнің қызметкерлері барлық қолда бар құжаттарға тиісті түзетулер енгізеді.

Егер бұл адамның есепке алу құжаттары прокуратураның ақпараттық аппараттарына ұсынылған болса, арнайы бөлім жаңадан есепке алу құжаттарын толтырып, оларды белгіленген жерге жібереді.

Бастапқы деректерінің өзгеруі туралы қаулы жеке ісінің бірінші бөлігіне қоса тіркеледі. Сезіктілер, айыпталушылардың кетіп қалған жағдайда келіп түскен бастапқы деректерінің өзгеруі туралы қаулы дереу бұл адам кеткен жерге жіберіледі.

23. Сезіктіден, айыптыдан немесе сотталған адамның жеке құжаттарын алып қойғанда, сондай-ақ мұндай құжаттар оның жеке ісінен табылғанда не өкім шығарған соттан келіп түскенде арнайы бөлім:

1) төлқұжатын, жеке куәлігі, немесе жеке басын білдіретін басқа да құжатты оның жеке ісіне қоса тіркейді;

2) әскери билетін осы адам тұтқынға алынғанға дейін есепте тұрған әскери комиссариатқа жібереді;

3) қызметтік куәлігін, рұқсат қағазын бұл құжаттарды берген кәсіпорынға (мекемеге) қайтарады;

4) соттың шешімі бойынша көлік жүргізу құқығынан айырылған адамның жүргізуші куәлігін соттың көлік жүргізу құқығынан айырғаны туралы хабарлай отырып, осы құжатты берген мекемеге жібереді;

5) медициналық картасын тергеу изоляторларының медициналық бөліміне жібереді;

б) шаруашылық қызмет көрсету жұмыстарын орындау үшін қалдырылған сотталғандарға арналған орындау парақтарын қолхат арқылы ТИ-дың қаржы бөліміне жібереді, ал басқа жағдайларда, сотталғанның бас бостандығынан айыру орындарына кетуі кезінде сотталғанның жеке ісіне қоса тіркейді.

Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды тіркеуден шығару өкімдер заңды күшіне енгеннен кейін жүргізіледі. Арнайы бөлім бұл жағдайларда қызмет көрсететін аумақтағы ішкі істер органдарына толтырылған екі данадағы кету парақтары мен оның статистикалық есепке алу талондары бар, белгіленген нысандағы хабарламаларды ұсынады. Сотталған адамның жеке басын куәландыратын құжаттар болмағанда хабарламалар құжаттардың алынып қойылмағандығы міндетті түрде көрсетіле отырып, елтаңбалы мөрмен және көші-қон полициясы қызметкерінің қолымен расталған N1 нысандағы көшірмелер бойынша толтырылады.

Сезікті, айыпты және сотталғанның жеке ісінде оның жеке басын куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда арнайы бөлім міндетті түрде бұл құжаттарды не бұл құжаттардың расталған көшірмелерін қылмыстық процесті жүргізуші органнан сұратады және олардың арнайы осы мақсатта ашылатын журналдарға келіп түсуін бақылайды.

Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 9 маусымдағы N 175 бұйрығымен .

24. Сезіктің, айыптының немесе сотталғанның басқа да жеке құжаттары (кәсіподақ билеті, еңбек кітапшасы, туу және неке туралы куәлігі, оқу орнын бітіргені туралы дипломы, аттестаты және т.б.) оның жеке ісіндегі жеке к о н в е р т т е с а қ т а л а д ы .

Жеке ісінде ордендерді, медальдарды және олардың құжаттарын сақтауға тыйым салынады. Ордендер, медальдар және олардың құжаттары тергеу изоляторларының қаржы бөліміне тапсырылады, ал оларды қабылдап алу туралы квитанция қамауға алынған немесе сотталған адамның жеке ісіне қоса тіркеледі.

25. Егер де сезікті, айыпты адамдар екі немесе одан да көп қылмыстық істер бойынша қылмыстық жауапқа тартылған болса, ол туралы осы тұтқынға алынған адамның ісі оның өндірісінде болатын тергеу немесе сот органдарына хабарланады. Хабарламалардың көшірмелері тұтқындалған адамның жеке ісіне қоса тіркеледі. Жеке ісінің сыртқы бетінде және N1 нысандағы есепке алу карточкасында " _____ іс бойынша өтеді" деген мөртаңба қойылады.

26. Өлім жазасына немесе өмірлік бас бостандығынан айырылған сотталғандарға және де сезіктілерге, айыпталушыларға және сотталғандарға қатысты жедел бөліммен қашуға жақын тұратын, ұстау режимінің қатерлі бұзуын істеуге есепке алынған, жедел бөлім қызметкерінің жеке ісінің бетінде оң жағындағы бұрыштан сол жағындағы бұрышқа қызыл түсті жол сызылады.

27. Сезіктің, айыптының немесе сотталғанның жеке ісінің жоғалған жағдайында ол арнайы есеп бөлімінің қызметкерімен қайта енгізіледі. Бұл үшін дактилокөшірмелер, фотоға түсірулер және осындай сезіктіні, айыптыны немесе сотталғанды сұрауын жүргізеді. Соттан немесе тергеу органынан қамауға да ұстауға немесе бас бостандығынан айыру туралы құжаттың көшірмесі сұратылады. Сұрау материалдары бойынша және есепте бар құжаттар бойынша қорытынды шығарылады, ол аумақтық ҚАЖ Комитеті органының бастығымен бекітілгеннен кейін тергеу изоляторларында сезіктіні, айыптыны және сотталғанды прокурормен санкцияланған, соттың шешімі немесе қаулының көшірмесі келгенге дейін ұстауға негіз болып табылады.

Қайта енгізілген жеке істің бетінде "Қайта енгізілген" деген жазба тұрады. Жеке істің жоғалғаны туралы тергеу изоляторларында заңдылықты қадағалауды сақтауды жүзеге асыратын прокурор хабарландырылады.

28. Сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың жеке істері сейфтер мен металл жәшіктерде сақталады, онда олар мынадай тәртіпте о р н а л а с т ы р ы л а д ы :

1) тергеу және анықтау органдарында есепте тұрған сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың жеке істері, алфавиттік тәртіпте;

2) прокуратураларда есепте тұрған сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың жеке істері, алфавиттік тәртіпте;

3) соттарда есепте тұрған сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың жеке істері, алфавиттік тәртіпте;

4) өкімдердің заңды күшіне енуін күтіп отырған сотталғандардың жеке істері, оларды соттаған аудандардың атаулары бойынша, алфавиттік тәртіпте;

5) апелляциялық шағымдар бойынша шешімдерді күтіп отырған сотталғандардың жеке істері, апелляциялық қарау тағайындау датасы бойынша, алфавиттік тәртіпте;

6) оларға қатысты өкімдер заңды күшіне енген сотталғандардың жеке істері, этаптау бағыттары бойынша, алфавиттік тәртіпте;

7) бас бостандығынан айыруға шартты түрде сотталғандардың жеке істері, алфавиттік тәртіпте;

8) этаптау бағыттары бойынша транзиттік-қайта жер аударылған адамдардың жеке істері, алфавиттік тәртіпте;

9) шаруашылық қызметін көрсету жөніндегі жұмыстарға пайдаланылатын сотталғандардың жеке істері, алфавиттік тәртіпте.

29. Өлім жазасына сотталғандардың жеке істері тергеу изоляторларының бастығында сақталады.

30. Басқа істер бойынша қылмыстық жауапқа тартылуына байланысты тергеу изоляторларында ұсталатын сотталғандардың жеке істері арнайы бөлімде олардың кімнің есебінде тұрғандығына байланысты тиісті санаттағы жеке істермен бірге сақталады.

31. Тергеу изоляторларының бастығы сотталғандардың және сезіктілердің, айыпталушылардың жеке істерін соттарға, прокуратура органдарына, прокуратураның ақпараттық аппараттарына, ҚАЖ Комитетіне тікелей жібере алады. Жеке істер басқа мекемелерге тек ҚАЖ Комитетінің аумақтық органдары арқылы жіберіледі.

32. Арнайы бөлім қызметкерлеріне қолданыстағы заңнамамен көзделген жағдайларда сотталған адамды оның жеке ісіндегі сот өкімдері, ұйғарымдары мен қаулылары көшірмелерінің, сондай-ақ мінездемелердің мазмұнымен таныстыруға рұқсат етіледі. Сотталған адамды бұл құжаттармен таныстыру қызметтік үй-жайда дауыстап оқып беру арқылы жүргізіледі, ал егер сотталғанда есту қабілеті жағынан кедергілер болса оқу олардың өздерімен жүргізіледі, ол туралы құжаттарда тиісті белгі қойылады.

33. Сотталғандардың және сезіктілердің, айыпталушылардың жеке істері уақытша пайдалану үшін тергеу изоляторларының жедел және тәрбие жұмысы бөлімдерінің қызметкерлеріне істерді беруді есепке алу журналына олардың қол қоюы арқылы бес күннен аспайтын мерзімге берілуі мүмкін. Жеке істер қайтарылғанда бұл журналға тиісті белгі қойылады.

34. Тергеу изоляторларынан босатылған және қайтыс болған адамдардың жеке істері мұрағатқа тапсырылады және мынадай тәртіпте ресімделеді:

- 1) барлық құжаттар бекітілген үлгідегі сыртқы беттерге тігіледі;
- 2) бірінші және екінші бөліктердегі құжаттар номерленеді және парақтар саны туралы жазбалар жасалатын тізбелерге енгізіледі. Тізбелер оларды толтырған адамның қолымен бекітіледі. Босатылған (қайтыс болған) адамның жеке құжаттарының тізбесі екінші сыртқы беттің ішкі жағында толтырылады;
- 3) металл түйреуіштер, қадауыштар және тіреуіштер істен алынып тасталады;

4) сыртқы беттің тыс жағында тергеу изоляторларының атауы, сондай-ақ жеке істің қашан басталғаны және аяқталғаны көрсетіледі. Сонымен қатар сыртқы беттің тыс жағындағы төменгі сол жақ бұрышында көлемі 6 x 6 см. мынадай мазмұндағы мөртаңба-трафарет басылады:

|Мұрағат N.....
|Орама N.....
|Босатылған жылы.....
Сақтау мерзімі.....

35. Жеке істер мұрағатқа үш данада толтырылатын тапсыру тізбелері бойынша тапсырылады. Оның екеуі мұрағатқа жіберіледі, ал біреуі арнайы бөлімде қалады. Тізбелер алфавиттік тәртіпте толтырылады. Жеке істің сақталатын орны туралы есепке алу карточкасында белгі қойылады.

6-тарау. Картотекалық есепті жүргізу

3 6 . А р н а й ы б ө л і м м е н :

1) әрбір тергеу изоляторларында ұсталушы немесе одан кеткен адамның болуы, шығуы туралы, сондай-ақ оған қатысты тергеу және сот өндірісінің кезеңі туралы анықтамалар беру;

2) уақытша кеткен адамдардың қайта оралуын бақылау;

3) тұтқындалғандардың қамауда ұсталу мерзімдерін, сотталғандар мен транзиттік-қайта жер аударылған адамдарды дер кезінде этаптауды бақылау мақсатында болудың есепке алу-анықтамалық картотекасы және кеткендердің есепке алу-анықтамалық картотекасы жүргізеді.

37. Арнайы бөлімнің қызметкері әрбір жеткізілген адамға осы Нұсқаулықтың 8-тармағында көзделген N 1 нысандағы есепке алу карточкасын түсіндірмеде көрсетілген ережелер бойынша (N 14 қосымша) толтырады.

38. Болудың есепке алу-анықтамалық картотекасына тергеу изоляторларында ұсталатын барлық адамдардың есепке алу карточкалары салынады. Кеткендердің есепке алу-анықтамалық картотекасына болу есебінен шыға отырып кеткен адамдардың есепке алу карточкалары қосылады.

39. Болудың есепке алу-анықтамалық картотекасы негізгі және екі қосалқы - "Анықталушылар" және "Транзиттік" деген бөлімшелерден тұрады.

Жеке істерінсіз және болудың есебінен шықпастан тергеу изоляторларынан шығып кеткен адамдар бір тәулік ішінде тергеу изоляторларына олар қайтып оралмаған жағдайда есепке алу карточкалары негізгі бөлімшеден алынып "Анықталушылар" деген бөлімшеге қайта салынады.

"Транзиттік" деген бөлімшеге транзиттік-қайта жер аударылған адамдардың есепке алу карточкалары салынады.

40. Кеткендердің есепке алу-анықтамалық картотекасында сондай-ақ негізгі бөлімшемен қатар екі қосалқы - "Бақылау" және "Транзиттік" деген бөлімшелер болады. Бұл картотеканың негізгі бөлімшесінде болудың есепке алу-анықтамалық картотекасынан ауыстырылып салынған есептен шыға отырып тергеу изоляторларынан кеткен барлық адамдардың есепке алу карточкалары б о л а д ы .

"Бақылау" деген бөлімшеге жеке істерімен қоса УИИ-дан кеткен қайтарылуға жататын адамдардың есепке алу карточкалары қайта салынады.

Кеткендердің есепке алу-анықтамалық картотекасының "Транзиттік" деген бөлімшесіне болудың есепке алу-анықтамалық картотекасының "Транзиттік" деген бөлімшесінен кезекті этаппен шығып кеткен барлық транзиттік-қайта жер аударылған адамдардың есепке алу карточкалары қайта салынады.

41. Картотекалардағы карточкалар тегі, аты, әкесінің аты бойынша қатаң алфавиттік тәртіпте орналастырылады. Картотекалар картотекалық шкафтарда сақталады. Адамдар көп ұсталатын тергеу изоляторларында болудың есепке алу-анықтамалық картотекасы үшін арнайы картотекалық стол жабдықталуы м ү м к і н .

Картотекалардың сақталуына жауапты қызметкер жоқ болғанда картотекалық шкафтар (столдар) жабылады.

42. Картотекаларды жүргізу кезінде арнайы бөлім қызметкері:

1) есепке алу карточкаларында кезекшіден келіп түскен тізімдер мен ауыстыру туралы талондарға сәйкес адамдарды бір камерадан екінші бір камераға ауыстыру туралы дер кезінде белгі қоюы;

2) тергеу органдары мен соттардан құжаттар келіп түскен кезде карточкаларда қылмысты қайта қарау туралы, қамауда ұсталатын адамдарды қайта тізу мен соттау туралы белгі қоюы;

3) адамдар тергеу изоляторларынан жеке істерімен қоса және болу есебінен

шыға отырып кеткенде карточкаларда тиісті белгілер қоюы, сондай-ақ карточкаларды кеткендердің есепке алу-анықтамалық картотекаларына салуы;

4) Есепке алу карточкаларын сақтау мерзімін Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде N 2843 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі N 23 бұйрығымен бекітілген "Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың қағидасына" N 10 қосымшаға сәйкес есептеуі тиіс.

Ескерту: 42-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 9 маусымдағы N 175 бұйрығымен .

7-тарау. Тергеу изоляторларында сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың орын ауыстыруын есепке алу

43. Тергеу изоляторларының арнайы бөлімі күн сайын кезекшіден (N 15 қосымша) тиісті түрде ресімделген сезіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың орын ауыстыруы туралы талондар (16-қосымша) мен тізімдерді қабылдайды, олардың негізінде N 1 есепке алу карточкаларында тиісті белгі қояды. Талондар мен тізімдер бөлек жеке іске тігіледі.

44. Жауап алу үшін тергеу изоляторларындағы сезіктілер, айыпталушылар тергеуші өзінің қызметтік куәлігін көрсеткеннен кейін шығарылады.

Егер іс бойынша басқа тергеуші тағайындалған болса немесе істі өз өндірісіне өзге орган қабылдап алса, алғаш рет жауап алуға шақырған кезде тергеуші куәлігімен қоса сезікті, айыпталушы тіркелген тергеу органының басшысы қол қойған арнайы жазбаша растау қағазын не істі өз өндірісіне қабылдап алуы туралы қаулының расталған көшірмесін көрсетуге міндетті. Жазбаша растау қағазы немесе қаулының көшірмесі сезікті, айыпталушы адамның жеке ісіне қоса т і р к е л е д і .

Сезікті, айыпталушы адамды шақыру құқығы сондай-ақ тергеу изоляторларындағы заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асырушы прокурорға, осы іске қатысты тергеу жүргізуге жетекшілік етуші жоғары тұрған прокурор мен лауазымды адамдарға беріледі.

45. Сезікті, айыпты адамды адвокатпен (қорғаушысымен) кездесуге шығару адвокатта (қорғаушыда) оның жеке басын куәландыратын құжат, адвокатураға қатыстылығын растайтын құжат және тиісті органның осы іске адвокаттың (қорғаушының) қатысуына берген рұқсат қағазы болғанда ғана жүзеге асырылады .

46. Осы Нұсқаулықтың 44-45 тармақтарында көрсетілген жағдайларда тергеуші, қорғаушы мен адвокат талап қағазын (17-қосымша) толтырады. Кезекші сезікті, айыпталушы адам тіркелген арнайы бөлімнен анықтама алғаннан

кейін шақыру талонын (18-қосымша) ресімдейді және оның жауап алуға немесе кездесуге шығарылуын ұйымдастырады. Кезекші өткен тәуліктердегі талаптар мен шақыру талондарын тергеу изоляторларының арнайы бөліміне тапсырады, олар тиісті жеке істерге тіркеледі.

47. Сезіктілердің, айыпталушылардың айтарлықтай саны ұсталатын тергеу изоляторларында шақыру талаптары мен шақыру талондарын жеке істерге тігуге рұқсат беріледі, мұндай іс арнайы бөлімде үш жыл бойы сақталады.

8-тарау. Уақытша кеткен, күзет қамауына алынған және сотталған адамдарды есепке алу

48. Тергеу изоляторларынан жеке ісінсіз бір тәуліктен аспайтын (бұл адам көрсетілген мерзім ішінде қайтып келуі керек) мерзімге кеткен сезікті, айыпты немесе сотталған адамдар уақытша кеткен адамдар болып есептеледі.

49. Сезікті, айыпталушы адамды қарауылға (айдап алып жүруге) алынған адамды беруге осы адам тіркелген соттың немесе тергеу органының тиісті нысанда ресімделген жазбаша рұқсаты негіз бола алады.

Сотталған немесе сезікті, айыпталушы адамды басқа органның шақыруы тек осы адам тіркелген органның жазбаша рұқсаты болған кезде ғана орындалады.

Сот органының талабын алған соң арнайы бөлім қарауыл (айдап алып жүру) үшін бекітілген нысандағы анықтама (19-қосымша) дайындайды. Тергеу изоляторлары бастығының қолы қойылған тапсырысты арнайы бөлім сот отырысына кем дегенде бір-екі тәулік қалғанда бөлім командиріне (қалалық, аудандық ішкі істер органының бастығына) жібереді. Тапсырыс қарауыл (айдауыл) бастығына ол сотталғандарды немесе күзет қамауына алынған адамдарды қабылдап алу үшін тергеу изоляторларына келгенге дейін тапсырылуы да мүмкін.

50. Сезіктілерді, айыпталушыларды сот процесіне немесе тергеу органына жіберетін күннің алдында арнайы бөлім кезекшіге осы адамдарды жеткізу туралы тергеу немесе сот органы қойған талаптары бар қолхат пен олардың жеке і с т е р і н т а п с ы р а д ы .

Кезекші осы адамдардың тегін уақытша кеткендерді есепке алудың тәуліктік ведомосіне жазады және оларды жіберуді қамтамасыз етеді.

Одан әрі кезекші тергеу немесе сот органдарына жіберілген адамдардың өз уақытында оралуын қадағалайды, ал олар тергеу изоляторларына оралған кезде тәуліктік ведомоске тиісті белгі қояды.

Егер тергеу изоляторларынан уақытша кеткен адам бір тәулік ішінде кері қайтпаса, кезекші қайтып келмеуінің себебін анықтауға және уақытша кеткендерді есепке алудың тәуліктік ведомосінде бұл туралы көрсетуге міндетті.

Сезікті, айыпталушы адамды сотталған жағдайда кезекші қарауылдан (айдауылдан) өкімнің көшірмесін немесе оның үзіндісінің көшірмесін алып, оны арнайы бөлімге тапсыруға міндетті.

Арнайы бөлімнің қызметкерлері кезекшіден тәуліктік ведомоске қол қойып, кеткен адамдардың, сезіктілер, айыпталушылар жеке істерін қабылдауға және кезекшінің осы тармақта көрсетілген құжаттарды ресімдеудің ережелерін сақтауын тексеруге міндетті.

51. N 1 нысандағы есепке алу карточкасы мен сотталғанның жеке ісіне тиісті белгілер қойылған соң, арнайы бөлімнің қызметкері бұл істі өкімнің заңды күшіне енуін күтіп жүрген сотталғандардың жеке істері қатарына қосады.

Тәуліктік ведомосте сот залынан немесе тергеу изоляторларының үй-жайынан күзет қамауынан босатылуына байланысты кері қайтарылмаған адам тіркеліп тұрса, арнайы бөлім соттан немесе тергеу органынан осы адамды күзет қамауынан босатуға негіз болатын құжатты (өкімнің, сот анықтауының, тергеу органының жолын кесу шарасын өзгерту немесе істі тоқтату туралы қаулысының көшірмесін) талап етеді. Мұндай жағдайда осы адамның есепке алу карточкасы негізгі анықтамалық-есепке алу бөлімінен "Анықтау" бөліміне ауыстырылады, ал жеке ісі анықталушы істердің тобына қосылады. Адамды босатуға негіз болатын құжатты алғаннан кейін есепке алу карточкасы кеткендердің анықтамалық-есепке алу картотекасына қосылады, ал босатуға негіз болатын құжат тіркелген жеке ісі мұрағатқа тапсырылады.

52. Тергеу изоляторларынан басқа қаланың, ауданның уақытша ұстау изоляторлары арқылы тергеу немесе сот органына кетіп бара жатқан сезікті, айыпты адамдар айдауылмен қоса жолданатын жеке ісімен бірге жіберіледі және есептен шығарылады. Осындай адамның есепке алу карточкасы қолда бар анықтамалық-есепке алу картотекасының бөлімшесінен кеткендердің анықтамалық-есепке алу картотекасының бақылау бөлімшесіне ауыстырылады.

53. Бұрын жеке ісімен кеткен күзет қамауына алынған адам осы тергеу изоляторларына қайтып оралған жағдайда, осы Нұсқаулықтың 12-тармағында қарастырылған есепке алу тәртібі қолданылады. Есепке алу карточкасы кеткендердің ақпараттық-есепке алу картотекасынан алынып, тиісті белгілер қойылған соң ақпараттық-есепке алу картотекасына қосылады.

54. Тергеу изоляторларына уақытша ұстау изоляторларынан тергеу немесе сот органының қарамағына кеткен және осы орган күзет қамауынан босатқан адамның жеке ісі келіп түскен жағдайда тергеу изоляторларының арнайы бөлімі мұны N 17 нысан (1, 6 бағаналар және 8-11 бағаналардың бірі босату себептеріне қарай) бойынша есеп беруде көрсетеді.

Осы адамның есепке алу карточкасы кеткендердің анықтамалық есепке алу картотекасының бақылау бөлімшесінен алынып, тиісті белгілер қойылған соң

осы картотеканың негізгі бөлімшесіне орналастырылады, ал босатуға негіз болатын құжатпен бірге жеке ісі мұрағатқа тапсырылады.

55. Сезікті, айыпты адамның сот қарамағына берілген жағдайда оның жеке ісі сот есебіндегі жеке істер қатарына қосылады. Сезікті, айыпты адамдарды бір тергеу немесе сот органынан басқа органға ауыстыру туралы жазбаша хабарлама алғаннан кейін бұл туралы күзет қамауына алынған адамға қол қойдырып хабарлайды. Оның есепке алу карточкасына тиісті белгілер қойылады, ал келіп түскен хабарлама күзет қамауына алынған адамның жеке ісіне тігіледі.

Егер қылмыстық процесті жүргізетін органнан басқа орган туралы хабар уақытала түспесе, бұндай кезде арнайы есеп бөлімі ТИЗО-да заңдылықты сақтайтын қадағалауды жүзеге асырушы прокурорға бұл туралы жазбаша түрде х а б а р л а й д ы .

Егер тергеу немесе сот органы бір құжатта бірнеше адамның қарамағына ауыстырылғанын хабарласа, бұл жағдайда олардың әрқайсысына ауыстырылғаны туралы анықтама жасалады, ол тиісті адамға қол қойдыру арқылы хабарланады және оның жеке ісіне тігіледі.

9-тарау. Тергеу изоляторларында күзет қамауына алынған адамдар мен сотталғандарды ұстаудың мерзімдерін сақтау, оларға тергеу және сот құжаттарын (айыптау қорытындыларын, өкімдерді, анықтауларды және т.б.) тапсыру

56. Сезіктілерді, айыпталушыларды ұстаудың мерзімдерін сақтау үшін тергеу изоляторларында арнайы бөлім мерзімдік-бақылау картотекасын пайдаланады (21-қосымша).

57. Сезікті, айыпты адамды ұстаудың мерзімі аяқталуға кем дегенде жиырма төрт сағат қалғанда арнайы бөлімінің қызметкері баяндамасының негізінде тергеу изоляторларының бастығы бұл туралы қылмыстық процесті жүргізуші органға, сондай-ақ тергеу изоляторларында заңдылықтың сақталуын қадағалауды жүзеге асыратын прокурорға жазбаша хабарлайды.

Хабарламаның көшірмесі (22-қосымша) тиісті жеке іске тігіледі.

58. Заңда белгіленген тәртіпте күзет қамауында ұстау мерзімін ұзарту туралы (N 23 қосымша) хабарлама келіп түспеген жағдайда арнайы бөлімнің қызметкері тұтқында ұстау мерзімінің аяқталған күнінен кейінгі күннің бірінші жартысында оның жеке ісін тергеу изоляторларының бастығына баяндайды, ол тұтқынға алынған адамды өзінің қаулысымен босатады, оның көшірмесін жиырма төрт сағаттың ішінде қылмыстық іс өндірісінде жатқан органға немесе адамға және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-іс жүргізу кодексіне сәйкес прокурорға жібереді.

59. Соттан айыптау қорытындысының, анықтаудың (қаулының) көшірмесін алғаннан кейін арнайы бөлім соңғыларын айыпталушыға немесе сотталған адамға қолхат (24-қосымша) арқылы береді. Қолхат осы құжаттарды жіберген сотқа жіберіледі. Ілеспе хаттың көшірмесі сезіктінің, айыптының жеке ісіне тігіледі. Прокурор берген айыптау қорытындысының көшірмесін алғаны туралы сотталған адамның қолхаты сонымен қатар күзет қамауына алынған немесе сотталған адамның жеке ісіне тігіледі.

60. Егер ол шағымданбаса немесе наразылық білдірмесе, кассациялық шағымдану және наразылық білдіру мерзімі біткен соң заң бойынша өкім заңды күшіне енеді.

Өкімнің заңды күшіне енуі туралы соттан түскен анықтаманы арнайы бөлім сотталған адамға хабарлайды және оның жеке ісіне тігеді.

61. Бас бостандығынан айыру мерзімі бойынша сотталғандарды күзет қамауынан уақытылы босатылуын бақылауды жүзеге асыру үшін жыл сайын ағымдағы жылы босатуға жататын әрбір адамға арнайы бөлім осы Нұсқаулықтың 8-тармағында қарастырылған нысан бойынша мерзімдік-бақылау карточкасын жазады.

62. Мерзімдік-бақылау карточкаларынан мерзімдік-бақылау картотекасы құралады, онда карточкалар жазалау мерзімінің аяқталу күні бойынша орналастырылады, егер сотталған адамдар басқа түзеу мекемелеріне этапталса, мерзімдік-бақылау карточкалары картотекадан алынып, сотталған адамның жеке ісіне тігіледі.

10-тарау. Тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарды этаптауға құжаттарды ресімдеу және этапталатын адамдарды есепке алу

63. Бас бостандығынан айыру жазасын түзеу колонияларында, тәрбиелеу колонияларында өтеуге сотталған адамдар, сондай-ақ түрме қамауына сотталғандар тергеу изоляторларынан жазасын өтейтін жерге тергеу изоляторларының әкімшілігі ҚАЖ Комитетінің ұйғарымына сәйкес өкімнің заңды күшіне енуі туралы анықтаманы алғаннан кейін кем дегенде он күн ішінде этапталады.

Осы мерзім ішінде арнайы бөлімнің қызметкерлері этапталатын адамдарға қажетті құжаттарды дайындауға міндетті.

64. Сотталған адамның жеке ісінде әр түрлі мазмұнда жазылған немесе анықталмаған деректердің болуы осы сотталған адамды жазасын өтеу орнына жіберуді кідіртуге негіз бола алмайды.

Егер сотталған адамның жеке ісіндегі әр түрлі мазмұнда жазылған немесе

анықталмаған деректерді анықтау туралы сауалдарға сотталған адам тергеу изоляторларында ұсталған мерзім ішінде жауап алынбаса, арнайы бөлім бұл туралы сотталған адам этапталатын түзеу мекемесінің әкімшілігіне хабарлайды және оның жеке ісімен бірге сауалдардың көшірмелерін жібереді.

65. Арнайы бөлімнің қызметкерлері басқа органдардан келіп түскен этапталатын сотталған адамдардың құжаттарын тексеруге міндетті. Ішкіісмин, ХҚК органдарының қаулысы, прокуратура органдарының қаулылары, сондай-ақ айдап алып жүру туралы сот анықтаулары сотталғандар ұсталатын жерлерге екі данада жіберіледі. Осындай қаулылардың, анықтаулардың бірінші даналары сотталғандардың жеке істеріне тігіледі, ал екінші даналары сотталғандар этапталатын тергеу изоляторларының, түзеу мекемелерінің арнайы бөлімдерінде қ а л а д ы .

Егер де тергеу изоляторларының әкімшілігіне тәуелді емес себептер бойынша сотталған адамды дер кезінде этаптау мүмкін болмаса, ол туралы арнайы бөлім тиісті хат әзірлейді және сотталған адам оның қарамағына жіберілуі тиіс анықтау , тергеу, прокуратура немесе сот органына хабарлайды.

66. Егер сотталған адам басқа бас бостандығынан айыру орнына осы тергеу изоляторларынан есептен шыға отырып этапталса, оның жеке ісі конвертке салынады, оған бекітілген нысандағы (24-қосымша) жеке ісі бойынша фотосуреті бар анықтама жапсырылады. Жіберуші орган жеке ісі бойынша анықтамада сотталған адамның жіберілген түзеу мекемесінің атауын және ол жүріп өтуге тиісті тапсыру пункттерін көрсетуге міндетті.

Сотталған немесе сезікті, айыпты адам транзитпен өтетін тергеу изоляторларының арнайы бөлімі жіберуші орган анықтаған және көрсеткен жүріп өтетін тапсыру пункттерінің дұрыстығын тексеруге міндетті. Дұрыс көрсетілмеген жағдайда арнайы бөлім анықтамаға түзету енгізеді. Жасалған түзетулерді тергеу изоляторларының бастығы қол қойып, куәландырады және елтаңбалы мөртаңбамен расталады.

67. Арнайы бөлім тергеу изоляторларынан этапталатын адамдардың ілеспе тізімін (26-қосымша) ж а с а й д ы .

Тізім төрт данада жасалады, оның екеуі қарауыл бастығына тапсырылады (оның бірі қарауылға, екіншісі - сотталған адамдар жіберілетін бас бостандығынан айыру орны үшін), үшінші данасы қарауыл бастығының сотталғандарды және олардың жеке істерін қабылдап алғаны туралы қолхатымен бірге арнайы бөлімде қалдырылады, ал төртінші данасы ақша аудару үшін қаржы , заттай үлес беру үшін шаруашылық бөлімдеріне жіберіледі.

Егер бір қарауыл әр түрлі пункттерге баратын адамдарды этаптаса, баратын пункттер санына қарай бірнеше ілеспе тізімдер жасалады.

Егер сотталғандар мен сезіктілерді, айыпталушыларды этаптауды тергеу

изоляторларының айдауылы жүзеге асырса, көрсетілген адамдарды және олардың жеке істерін қабылдап алғаны туралы тиісті лауазымды адамның қолхатымен бірге ілеспе тізімнің бір данасын түзеу мекемесі жіберуші мекемеге қайтарады.

68. Арнайы бөлім тергеу изоляторларынан эшелонмен жіберілетін адамдардың эшелондық тізімін (27-қосымша) және эшелонды жіберу туралы кесім (28-қосымша) жасайды.

Эшелондық тізім төрт данада жасалады. Екі данасы қарауыл бастығына тапсырылады (біреуі қарауылға, біреуі колония үшін), үшінші данасы сотталғандарды немесе күзет қамауына алынған адамдарды және олардың жеке істерін қабылдап алғаны туралы қарауыл бастығының қолхатымен бірге арнайы бөлімде қалдырылады. Төртінші данасы ақша аудару үшін қаржы бөліміне жіберіледі.

Эшелонды жіберу туралы кесім екі данада жасалады, оның біреуі тергеу изоляторларында қалдырылып, эшелондық тізімге қосылады, ал екіншісі эшелон бастығына беріледі.

69. Ілеспе және эшелондық тізімдер (жіберілген адамдарды қабылдап алғаны туралы қарауыл бастықтарының қолхаттарымен қоса) хронологиялық ретте жеке іске тігіледі және жіберуді растайтын құжаттар ретінде арнайы бөлімде сақталады.

70. Есептен шыға отырып тергеу изоляторларынан кететін барлық адамдарға олардың жеке заттары беріледі. Ақша және бағалы заттары берілмейді, олар осы адамдардың баратын жерлеріне жіберіледі. Заттарды, ақша мен бағалы заттарды беру және жіберу заңмен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

71. Дәстүрлі тәртіппен беру не ТМД-ның басқа республикаларында жазасын одан әрі өтеу үшін сезікті, айыпты адамдар мен сотталғандарды этаптаған жағдайда ҚАЖ Комитетінің ұйғарымын алғаннан кейін тергеу изоляторларының бастығы отыз тәуліктің ішінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес және осы Нұсқаулықта көрсетілген тәртіпте берілген адамды этаптауды және оны берілетін мемлекеттің тиісті органына беруді ұйымдастыруға міндетті.

Тергеу изоляторларының арнайы бөлімі Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының тапсырмаларын орындау туралы үш данада хат дайындайды. 1 - ҚАЖ комитеті-не, 2 - құзыретті прокурорға, ал хаттың үшінші данасы жеке іске тігіледі, ол арнайы бөлімде сақталады.

72. Сотталғанды жазасын өтейтін жерге жіберу кезінде тергеу изоляторларының әкімшілігі сотталғанның таңдауы бойынша оның туысқандарының біріне немесе заңды өкіліне жазасын өтеу үшін ол қайда жіберілетіні туралы хабарлауға міндетті. Осы мақсатта тергеу изоляторларынан кететін сотталған адамға арнайы бөлім почта ашық хатын береді. Ашық хат

жіберілетін адамның мекен-жайын, тегін, атын, әкесінің атын сотталған адамның өзі жазады, одан кейін сол жерге жіберу үшін ашық хат арнайы бөлімге қ а й т а р ы л а д ы .

Ашық хаттың сыртқы бетіне арнайы бөлім мынадай мәтінді жазады. "Сіздің (ұлыңыз, еріңіз, әйеліңіз және т.с.с.) _____ (тегі және аты-жөні, жіберілген датасы), жазасын өтеу үшін мына мекен-жай бойынша _____ (түзеу мекемесінің шартты белгісі көрсетіледі) жіберілгендігі хабарланады. 2000 жылғы "___" _____. Мекеме бастығының қолы.

73. Тергеу изоляторларынан сотталғандар немесе сезікті, айыпты адамдарды есептен шығара отырып кеткеннен кейін арнайы бөлімнің қызметкері ілеспе немесе эшелондық тізімнің негізінде N 1 нысандағы есепке алу карточкаларына белгілер қояды (бұл адамдар қайда кетті, мекемесі, кеткен датасы). Осы белгілерді жасай отырып, арнайы бөлімнің қызметкері есепке алу карточкаларын кеткендердің анықтамалық-есепке алу картотекасына қосуға міндетті.

11-тарау. Тергеу изоляторларынан босатуға жататын адамдарға құжаттар ресімдеу. Бұл адамдарды босату мен есепке алудың тәртібі

74. Босату тиісті сот шешімін, тергеушінің, анықтау немесе прокуратура органының қаулысын алғаннан кейін не қылмыстық іс өндірісінде жатқан прокурорға, адамға немесе органға жіберген тергеу изоляторлары бастығының қылмыстық процесті жүргізуші органның хабарламасы назар аударусыз қалса, сезікті, айыпты адамдарды ұстаудың мерзімі аяқталған соң жүргізіледі.

75. Сезікті, айыпты адамының немесе сотталған адамды босату не сотталған адамның жазасын өтеу мерзімі қысқарғаны туралы құжаттарды алған соң арнайы бөлім осы құжатты ресімдеудің дұрыстығы мен оның жеке іс материалдарымен сәйкестігін мұқият тексеруден өткізеді.

Елтаңбалы мөртаңбамен расталмаған, анық емес мөртаңба белгісі бар немесе басқа органның (шешім шығармаған) мөртаңбасымен расталған құжат түскен жағдайда, сондай-ақ түскен құжатта көрсетілген сауалнамалық деректердің жеке іс материалдарымен сәйкессіздігі болса, құжаттың түпнұсқа екеніне күмәнданса, арнайы бөлім бұл туралы тергеу изоляторларының бастығына баяндайды және оның орындауы тоқтатылады. Арнайы бөлім жаңа құжат немесе шешім шығарған органның босату туралы құжаттың растығы туралы куәлік алу үшін ш ұ ғ ы л ш а р а л а р қ а б ы л д а й д ы .

Сотталған адамды босату туралы құжатты орындауды тоқтату тергеу изоляторларында заңдылықты сақтауға қадағалауды жүзеге асырушы прокурор бекіткен тергеу изоляторлары бастығының қаулысымен ресімделеді.

Жеке адамнан немесе құпия емес почта арқылы келіп түскен сезікті, айыпты адамды немесе сотталған адамды босату туралы не сотталған адамның жазасын өткеру мерзімін қысқарту туралы құжат қосымша тексеруге жатады. Бұл жағдайда шешім шығарған органнан тез арада, тәртіп бойынша, телеграф бойынша тиісті растау қағазы сұралады.

76. Босату не жазасын өтеу мерзімін азайту туралы құжаттар, егер онда көрсетілген адамдар тергеу изоляторларынан басқа бас бостандығынан айыру орындарына кеткен болса, құпия почта арқылы немесе қолымен осы адамдар кеткен жерлерге шұғыл жіберіледі. Ол туралы аталған құжаттардың орындалуын бақылауды жүзеге асыратын органға хабарланады.

Жеке адамдардан не құпия емес почтамен келген босату немесе жазасын өтеу мерзімін азайту туралы құжаттарды жіберген жағдайда көшірмелері олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыратын органдарға жіберілетін ілеспе хаттарда бұл құжаттар жеке адамдардан немесе құпия емес почтамен келген құжаттар ретінде қосымша тексеруді қажет ететіндіктері көрсетіледі.

77. Босату және жазаны өткеру мерзімін азайту туралы құжаттар тиісті сотталғандар мен сезікті, айыпты адамдарға қолхат алу арқылы хабарланады.

78. Босатылған адамдармен уақытылы есеп айырысу, оларды тергеу изоляторларының есебінен жолақы билетімен және баратын жерге дейінгі жолға азықпен қамтамасыз ету мақсатында арнайы бөлім тиісті қызметтерді бұл адамдардың босатылатын уақыты туралы алдын-ала хабардар етеді.

Сотталған немесе сезікті, айыпты адамдар берешек болса, олармен уақытылы есеп айырыспаса және басқа да себептер босатуды тоқтатуға негіз бола алмайды.

79. Тергеу изоляторларынан босатылған адамдарға босатылғаны туралы анықтамалар беріледі (N 29 қосымша).

Сезікті, айыпталушы босатылғандарға анықтама мына негіздер бойынша беріледі:

1) қылмыстық процесті жүргізуші тергеу органдарының қылмыстық істерді қысқартуы;

2) ақтау өкімі туралы сот қаулысы;

3) бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаға сотталу;

4) бұрын таңдап алынған жолын кесу шарасын өзгерту немесе бұзу;

5) жалпы немесе қатаң бақылаудағы психиатриялық ауруханаға мәжбүрлеп емдеуге жібере отырып, қылмыстық жауапкершіліктен босату туралы сот анықтамасы.

80. Сотталғандарға қатысты анықтамада - "сотталғанға" деген сөзден кейін:

1) бір өкімнің негізінде жаза өтеген адамдарға қатысты, - соттың атауы, өкім шыққан дата, ҚК бабы және жазаның мерзімі;

2) бірнеше қылмыс жасағаны үшін жаза өтеген адамдарға қатысты ІК барлық

баптары және қылмыстар жиынтығы бойынша тағайындалған жазаның ақырғы мерзімі ;

3) бірнеше өкімнің негізінде жаза өтеген адамдарға қатысты барлық сотты болуы туралы мәліметтер (сотталған датасы, ҚК баптары, әр өкім бойынша жаза мерзімі) көрсетіледі. Соңғы өкім бойынша осы деректермен бірге соттың атауы және өкімдер жиынтығы бойынша тағайындалған жазаның жалпы мерзімі көрсетіледі .

Бұрын сотты болуы туралы мәліметтер босату туралы анықтамада олар заңмен белгіленген тәртіпте өтелмеген немесе шешілмеген жағдайда ғана көрсетіледі .

Бұрын сотталмаған, сондай-ақ бұрынғы сотты болулары өтелген адамдарға анықтаманың тиісті жолында сызық қойылады.

81. Анықтамада "қайдан босатылды" деген сөздерден кейін төменде көрсетілген себептер бойынша босатылғанының негіздері көрсетіледі:

1) мерзім аяқталған соң босатылғандарға - жаза өтелгеннен кейін;
2) соттың ұйғарымы немесе қаулысы бойынша босатылғандарға - ұйғарым немесе қаулы бойынша (соттың толық атауы, шешім шығарылған дата және сот қабылдаған босату формулировкасы көрсетіледі);

3) рақымшылық ету арқылы босатылғандарға - 200 __ ж. " __ " _____ Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы (Жарлықтың атауы жазылады) бойынша .

Рақымшылық ету немесе амнистия кесімімен жаза мерзімі қысқартылған, бірақ олар бас бостандығынан айырудың қалған мерзімін өтеу адамдарға босату туралы анықтамаларында сот тағайындаған жаза мерзімінен кейін осы мерзімді рақымшылық ету немесе амнистия тәртібінде қысқартылғаны көрсетіледі.

Егер босатылуымен қатар сотталған адамнан соттылығы шешілсе немесе ол жазалаудың қосымша шарасынан босатылса, босатылуы негізі жазылғаннан кейін сол туралы жазылады .

82. Босатылуы туралы анықтамада:

1) шартты-мерзімінен бұрын босатылған адамдарға, - мерзімнің өтелмеген бөлігі (сот ұйғарымына тура сәйкестікте жазылады) және шартты-мерзімінен бұрын босату туралы сот ұйғарымы шығарылған датасы;

2) бас бостандығынан айыру мерзімінің өтелмеген бөлігі жеңілдеу жазамен ауыстырылған адамдарға - жазалаудың жаңа шарасы;

3) белгілі лауазым атқаруға немесе белгілі қызметпен айналысуға құқығынан айыруға қосымша сотталған адамдарға - жазалаудың қосымша шарасы.

Көрсетілген мәліметтер сондай-ақ босату туралы анықтамаларда көрсетіледі. Босату туралы анықтамалардың "Тұрғылықты жерге барады" деген жолда босатылған адам баратын елді мекен, аудан және облыс (республика, өлке)

к ө р с е т і л е д і .

Психикалық ауруы бар адамдарды босатқан кезде, оларға қатысты қылмыстық жауапкершіліктен босату немесе жалпы не қатаң қадағалаудағы психиатриялық ауруханаға жатқызу арқылы жазадан босату туралы прокуратура қаулы немесе сот ұйғарым шығарса, тергеу изоляторларының арнайы бөлімі анықтама ресімдейді.

Оларды толтырған кезде келесі ерекшеліктер сақталады: психикалық ауру адамды босату датасы ретінде анықтамаларда сот ұйғарымы тергеу изоляторларына түсуін тіркеу (түсу) датасы көрсетіледі. "Қайдан босатылды" деген сөздерден кейін соттың атауы көрсетіледі, ұйғарымның қарарлық бөлігінің қысқаша формулировкасы, сондай-ақ ұйғарым (қаулы) шығарылған дата.

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуынан кейін әкімшілік қадағалауға алынуға жататын адамдар босату туралы анықтама мен оның көшірмесінің сыртқы бетінде "тұрғылықты жері бойынша құжаттандырылуға жатады" деген мөр қойылады.

83. Босату туралы анықтаманы толтыру шарик типтес сиясы қара және көк түсті қаламмен түсінікті, тиянақты қателерсіз және түзетулерсіз толтырылады. Анықтаманың сол жағының үстіңгі жағында тергеу изоляторларының шартты атауы жазылады.

84. Босату туралы анықтамаға және оның көшірмесіне босатылып жатқан адамның фотосуреті жапсырылады.

Босату туралы құжаттар беруіне байланысты сотталғандарды суретке босатылғанға дейін үш ай қалғанда азаматтық тұрмыста киетін киімде түсіреді.

Босату туралы анықтамаларға тергеу изоляторларының бастығы және арнайы бөлімнің бастығы немесе олар болмағанда ауыстыратын адамдар қол қояды. Анықтамаға жапсырылған босатылатын адамның фотосуреті және қолы тергеу изоляторларының шартты атауы бар елтаңбалы мөрімен расталады.

85. Босату туралы анықтама босатылатын адамға оның көшірмесінде қол қою арқылы беріледі. Сонымен бірге босатылатын адамнан жауап алынып, оның жауаптары жеке ісіндегі сауалнамалық және басқа да деректермен салыстырылады, тану фотосуреттері және ерекше белгілер босатылатын адамның жеке басымен салыстырылады, қаржылық бөлім анықтаманың сыртқы бетін толық тексергені тексеріледі.

Жеке басының құжаттарын, заттар, ақша, құндылықтар, сондай-ақ кәсіпорынның (мекеменің) жұмысқа (оқуға) қабылдау туралы хатын, паспорт (жеке басы куәлігін) алу үшін қажет фотосуреттерді алғаны туралы босатылатын адам жеке ісі екінші мұқабасының ішкі бетінде қол қояды.

86. Босату туралы анықтамалардың түбіршектері тергеу изоляторларында бір жыл сақталады, содан кейін акт бойынша жойылады.

Анықтамалардың бүлінген бланкілері тергеу изоляторларының бастығы немесе оны ауыстыратын адам бекіткен акт бойынша жойылады. Акт бағыныштылығы бойынша ҚАЖБ, осы басқармалар мен бөлімдер белгілеген мерзімдерде жылына бір рет берілетін бланктер шығындау туралы мәліметтерге (30-қосымша) қоса тіркеледі.

87. Бас бостандығынан айыру бас бостандығынан айырусыз түзеу жұмыстарымен ауыстырылған адамды босату кезінде арнайы бөлім одан таңдап алған тұрғылықты жері бойынша түзеу жұмыстарының инспекциясына (бөлімшесіне, бөліміне) келуі туралы қолхат (31-қосымша) алып алады. Босатылғаннан кейін бір тәулік ішінде арнайы есепке алу бөлімі сотталғанның тұрғылықты жері бойынша ҚАЖК аумақтық ҚАЖД сотталғанның жеке ісіне қоса тіркеп, хат жібереді (32-қосымша).

Ескерту: 87-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 9 маусымдағы N 175, 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

88. Айырықша паспорттық режимдегі жерге және шекаралық аймақта тұруға бара жатқан босатылатын адамдарға құжаттарды ресімдеу қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

89. Азаматтардың денсаулығын сақтау саласына жетекшілік ететін уәкілетті орталық атқару органының психиатриялық ауруханаларына жолданатын психикалық аурулардың "А" және "Б" нысандағы анықтамалар жеке басы құжаттарымен, сот шешімдерінің көшірмелері мен сот-психиатриялық сараптаманың актілерімен қоса аурухананың әкімшілігіне тапсырылады, ал қатаң қадағалаудағы психиатриялық емханаларға этапталатын адамдарға жеке істерімен бірге жолданады.

90. Сотталғанды босату немесе оған бас бостандығынан айыру мерзімін қысқарту бөлігіндегі соттың ұйғарымын немесе қаулысын орындау туралы айыптау өкімін шығарған сотқа хабарланады, ал ұйғарым немесе қаулы шығарған соттың сұрауы бойынша сол сотқа да хабарланады (хабарламаның көшірмесі босатылған адамның жеке ісіне қоса тігіледі).

91. Сотталғанды босату туралы (қылмыстық істерді тоқтамға алуына байланысты) не жазалау мерзімін өтеген соң, шартты-мерзімнен бұрын, ауруына байланысты босатылған, сондай-ақ тергеу изоляторларында өлген адамдарға қатысты жазалау мерзімін қысқарту туралы соттың ұйғарымы немесе қаулысы олардың мұрағаттық жеке істеріне қоса тігіледі. Ұйғарым және қаулы шығарған соттарға: бұрын босатылғандар туралы - оларды босатудың датасы мен негізі, сондай-ақ таңдап алған тұрғылықты жерлер (мекен-жайлары); өлгендер туралы - өлген даталары хабарланады.

Бас бостандығынан айыру жеңілірек жазамен ауыстырылған сотталғандарға

қатысты босату және жазалау мерзімін қысқарту туралы соттардың ұйғарымдары мен қаулылары осы адамдар кеткен мекен-жай бойынша ішкі істер органдарына жолданады.

92. Тұтқынға алу түріндегі бұлтартпау шарасын шықпау туралы қолхатқа өзгерту туралы соттың ұйғарымын немесе қаулысын, тергеушінің немесе алдын ала анықтауды жүргізіп жатқан адамның қаулысын босатуды жүргізетін тергеу изоляторларының қызметкері босатылатын адамнан сондай қолхатты алып қойып босату туралы құжаттармен бірге арнайы бөлімге жіберуге міндетті, шықпау туралы қолхатты арнайы бөлім тиісті органға жібереді.

93. Тұтқынға алынған адамды немесе сотталған адам босатылып, оның жеке ісі арнайы бөлімге қайтарылған соң N 1 нысанындағы есепке алу карточкасында босату туралы белгі қойылады, сонан соң осы карточка кеткендердің есепке алу-анықтамалық картотекасына қоса тігіледі, ал жеке ісі қоса тіркелген босату туралы құжатпен бірге мұрағатқа тапсырылады.

12-тарау. Өлген және қашып кеткен адамдарды есепке алу

94. Сотталған немесе сезіктілерді, айыпталушыларды оның өліміне байланысты бар не жоқ болудың есебінен шығару дәрігер толтырған өлімі туралы куәліктің негізінде жүргізіледі.

95. Сотталған немесе сезікті, айыпты адамның өлімі туралы тергеу изоляторларының әкімшілігі жақын туысқандардың біреуіне жазбаша түрде х а б а р л а й д ы .

Өлген адамның туысқандарына өлгені туралы куәлікті алу үшін қай АХАЖ-ға жолығуы тиіс екенін, сондай-ақ мәйітті жерлеу үшін өлгеннен кейін не өлім фактісі бойынша уәкілетті орган тексеруді аяқтағаннан кейін жеті тәулік ішінде талап ету құқығы туралы түсіндіріледі.

Осы мерзім өткен соң мәйіт талап етілген болмаса оны тергеу изоляторлары қ а л а л ы қ б е й і т т е ж е р л е й д і .

Туысқанға хабарлама жіберумен қатар өлімі туралы жазбаша хабарлама тергеу изоляторлары орналасқан қаланың қалалық (аудандық) АХАЖ бөліміне (бөлімшесіне, бюросына) жіберіледі. Тұтқынға алынған адамның өлгені туралы осы адам есепте болған тергеу немесе сот органына хабарланады.

Туысқандарға жолданатын өлгені туралы хабарламаның көшірмесі және АХАЖ бөліміне (бөлімшесіне, бюросына) жолданатын жазбаша хабарламаның көшірмесі өлген адамның жеке ісіне қоса тігіледі. Өлген адамның ісіне сондай-ақ

: өлімі туралы дәрігердің куәлігі, сараптаушының қорытындысы (егер мәйітті сот-медициналық сою жүргізілсе), мәйітті туыстарына беру туралы акт немесе жерлеу туралы акт.

96. Адамның өлуіне байланысты оның есепке алу карточкасында өлгені туралы белгі қойылады. Бұл жағдайда карточка есепке алу-анықтамалық бар жоқ болуы картотекасынан алынып, кеткендердің есепке алу-анықтамалық картотекасына қойылады. Жеке іс тиісті ресімдеуден кейін мұрағатқа тапсырылады.

97. Сотталған немесе сезікті, айыпты адам тұтқыннан қашқан жағдайда тергеу изоляторларының бастығы ҚАЖБ бастығына дереу хабарлайды. Егер қашқан адам тергеу немесе сот органының есебінде болса, қашқаны туралы дереу сот немесе тергеу органына хабарланады. N1 нысанына есепке алу карточкасында қашқаны туралы белгі қойылған соң ол кеткендердің есепке алу-анықтамалық картотекасына қойылады. Оның орнына болудың картотекасына "Анықталушылар" бөлімшесіне қойылатын есепке алу карточкасының көшірмесі қойылады.

Іздестіруден кейін және қашқанды тергеу изоляторларына қамаған соң, есепке алу карточкасы кеткендердің есепке алу-анықтамалық картотекасынан болуын есепке алу-анықтамалық картотекасына қойылады, ал карточканың көшірмесі жойылады.

13-тарау. Тергеу изоляторларында ұсталатын адамдарды сан жағынан есепке алу және болуын тексеру

98. Сотталғандар мен тұтқынға алынған адамдардың саны, құрамы және қозғалысы туралы күнделікті есепке алу және есеп жасау үшін тергеу изоляторының арнайы бөлімі N 17 нысандағы тәуліктік болуын есепке алу дәптерін жүргізеді. Сотталған және сезіктілердің, айыпталушылардың болуы және қозғалысы осы нысан бойынша күн сайын таңғы сағат сегіздегі ахуалға көрсетіледі. "Тергеу изоляторының атауы" деген жолда (тігінен) датасы, ал қалған жолдарда тәулік ішіндегі мәліметтер көрсетіледі. Тоқсандық есепті жасаған кезде 2 жолдан 14 жолға дейінгі көрсеткіштер тігінен сомаланады, ал есеп беру нысанының 15 жолдан 35 жолға дейінгі мәліметтер есеп беретін тоқсанның соңғы күніне тәуліктік болу ахуалына көрсетіледі.

Есептің көрсетілген нысанын толтыру үшін жеке істер қозғалысының деректері және жеке істердің тиісті санаттарын есепке алуды жүзеге асыратын қызметкерлердің қосымша жазбалары және кезекші жүргізетін сан жағынан

есепке алудың деректері пайдаланылады. Жеке істердің нақты болуы 15 жолда көрсетілген адамдардың санына және тәуліктік болудың есепке алу нысанының 16 жолдан 26 жолға дейінгі көрсеткіштердің сомасына сәйкес болуы тиіс.

99. Кезекші осы Нұсқаулықтың 8-тармағында көзделген сотталған және тұтқынға алынған адамдардың әр тәулік бойы (таңғы сағ.8-ден таңғы сағ.8-ге дейін) қозғалысы туралы анықтама.

Сотталған және сезіктінің, айыптының тәулік бойы қозғалысы туралы анықтамада жазбаларды:

1) тергеу изоляторларына жеткізілген адамдарды есепке алудың тәуліктік ведомостардың;

2) тергеу изоляторларынан уақытша кеткен адамдарды есепке алудың тәуліктік ведомостардың;

3) жолай және эшелондық тізімдердің;

4) рұқсат қағаздар мен босатылғандардың жеке істерінің;

5) сотталғандардың және тұтқынға алынған адамдардың өлімі туралы немесе олардың басқа себептермен кетуі туралы кезекшілердің шимай жазбаларының деректері бойынша әр ауысымның кезекшісі жүргізеді.

Кезегін таңғы сағат 8-де аяқтайтын түнгі ауысымның кезекшісі анықтаманың 3-5 тармақтарында тәулік бойы қозғалыс туралы деректерді жалпылап есепке алудың тәуліктік ведомостары, жеке істер және жолай тізімдермен бірге арнайы бөлімге тапсырады.

100. Арнайы бөлім болудың тәуліктік деректерін таңғы сағат 8-дегі ахуал бойынша сотталған және қамауға алынған адамдардың қорытынды болуының (арнайы бөлімнің тәуліктік есепке алуы нысанының 15-жолында) тәуліктегі қозғалыс туралы кезекші анықтаманың 5-тармағында көрсетілген мұндай адамдардың жалпы санына тең болуын тексереді.

101. Тергеу изоляторларында ұсталатын бүкіл адамдарды тегі бойынша тексеру айына бір рет камералық карточкалар бойынша жүргізіледі. Оны корпус бойынша аға қызметкерлер немесе кезекшілер жүргізеді. Тексерудің нәтижелері бойынша арнайы бөлімге жіберілетін акт жасалады.

14-тарау. Тергеу изоляторларында ұсталатын адамдардың және азаматтардың ұсыныстарын, арыздарын және шағымдарын қабылдау мен қараудың тәртібі

Тергеу изоляторларында ұсталатын адамдар белгіленген тәртіпте туысқандарымен хат алысуға, сондай-ақ "Қылмыс жасауда сезікті және айыпталушы адамдарды тұтқында ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте мемлекеттік

органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, қоғамдық құрылымдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына ұсыныстар, арыздар мен шағымдар жасауға құқылы.

102. Өзінің шағымын (арызын) сотталған немесе сезікті, айыпталушы адам ауызша немесе жазбаша беруі мүмкін. Прокурорға немесе сотқа жолдаған ұсыныстарын, арыздарын және шағымдарын ашық түрде немесе жабық пакетте берулері мүмкін. Бұл шағымдарды, арыздарды және ұсыныстарды тергеу изоляторының әкімшілігі қарауына жатпайды және адресатқа дереу жабылған түрінде жолданады.

Шағымдар, арыздар мен хаттар сотталған және тұтқынға алынған адамдардың есебінен жіберіледі, ал апелляциялық шағымдар - тергеу изоляторының есебінен. Сотталған және сезікті, айыпталушы адамдарда ақшалай қаражат болмаған жағдайда ұсыныстар, арыздар және шағымдар мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін өзі басқару органдарына, қоғамдық құрылымдар мен лауазымды адамдарға тергеу изоляторларының есебінен жіберіледі.

103. Ұсыныстар, арыздар мен хаттарды қабылдауды корпус бойынша күн сайын аға қызметкер мен кезекші, сондай-ақ арнайы, жедел және тәрбие бөлімдерінің қызметкерлері жүргізулері мүмкін. Қабылданған ұсыныстар, арыздар, шағымдар және хаттарды олар дереу арнайы бөлімге жолдайды.

Сотталған адамнан апелляциялық шағым түскен жағдайда кезекші мынадай мазмұндағы штемпель қояды:

| 2 0 0 _ ж . " . . . " -----
| " " с а ғ . " " м и н .
| б е р і л д і .
| Тергеу изоляторлары бастығының кезекші көмекшісінің
қ о л ы

Штемпельдің оттискісінде кезекші шағым түскен дата мен уақытты қойып оны дереу арнайы бөлімге жібереді.

Сотталғандар, сондай-ақ сезікті, айыпталушылар ұсыныстар, арыздар, шағымдар мен хаттарға өз аттарын жазады. Құпия ұсыныстар, арыздар, шағымдар мен хаттарды беруге тыйым салынады.

104. Қойылған мәселелерді шешуге құзырлы емес мекеме немесе органға шағым немесе арыз берілсе, осындай шағымды берген адамға шағымды немесе арызды қайда беру тиіс екені түсіндіріледі. Егер осы адам жіберуді талап етсе, онда шағым көрсетілген мекен-жай бойынша жіберіледі.

105. Шағымдар, арыздар, ұсыныстар және хаттар арнайы бөлімде белгіленген тәртіпте тіркеліп, берілген күнінен бастап үш күн аспай мақсаты бойынша

жіберіледі. Прокурор мен сотқа жолданған шағымдар мен арыздар мақсаты бойынша дереу жіберіледі, ал мемлекеттік органдарға жолданғандар тергеу изоляторларының әкімшілігі қараған соң тәуліктік мерзімде. Апелляциялық шағымдар берілген күні немесе келесі күннің бірінші жартысында жіберіледі.

Шағым, арызбен бірге қолданатын ілеспе хатта арызданушы туралы қысқаша мәліметтер көрсетіледі. Егер шағымда немесе арызда сотталғандарды немесе тұтқынға алынған адамдарды тергеу изоляторларында ұстауға байланысты мәселелер қозғалатын болса, ілеспе хатта қабылданған шаралар туралы және шағымның (арыздың) мәні туралы әкімшіліктің көзқарасы хабарланады.

106. Шағымды (арызды) жібергені туралы арнайы бөлімнің қызметкері оны берген адамға қолхат арқылы жариялайды. Ілеспе хаттың көшірмесі жеке іске тігіледі. Шағымға немесе арызға түскен жауап арызданушыға жарияланып жеке іске тігіледі.

107. Тұтқынға алынған және сотталған адамдардың ұсыныстары, арыздары, шағымдары және хаттары тиісті мекен-жайларға жай поштамен жіберіледі. Құпия тәртіпте тек ғана құпия сипаттағы мәліметтері бар шағымдар, арыздар мен хаттар жіберіледі. Олардың құпиялық дәрежесін ілеспе хатқа қол қойған лауазымды адам анықтайды.

108. Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан шетелдік мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктеріне жолданған тергеу изоляторларында ұсталатын шетел азаматтарының хаттары белгіленген тәртіпте ҚАЖБ жіберіледі, ал республикалық мемлекеттік органдарға және қоғамдық құрылымдарға жолданғандар жалпы тәртіпте жіберіледі.

109. Сотталғандарды немесе сезікті, айыпталушыларды іздестіру жөніндегі туысқандардың және өзге де азаматтардың арыздары бойынша оларға мынадай мәліметтер хабарланады:

1) тергеу изоляторларында ұсталатын адамдар туралы - елді мекеннің атауы және мекеменің шартты атауы;

2) кеткен адамдар туралы - сотталған кеткен жердің пошталық индексі;

3) босатылатын адамдар туралы - босату датасы мен таңдап алған тұрғылықты жері;

4) өлген адамдар туралы - өлген датасы және өлуін тіркеуді АХАЖ-дың қай бюросында жүргізілгені.

Тергеу изоляторларынан қашқан адамдарды іздеу туралы азаматтардың арыздары мекеменің жедел бөліміне беріледі.

Сезіктілерге, айыпталушыларға қатысты тергеу изоляторларының әкімшілігі оның туысқандарына қай тергеу органының есебіне алынғандығы, ал жаңадан сотталған адамға қатысты - қай сот және қандай мерзімге сотталғаны туралы хабарлауы мүмкін.

110. Жоғалтылған босату туралы анықтаманың орнына анықтаманың телқұжатын беру туралы өтініш анықтаманың телқұжатын алу мәселесі бойынша құжаттар үшін екі фотосуретін қоса бере отырып, тұрғылықты жеріндегі полиция органына жазбаша өтініш арқылы өтінім білдіру керектігі түсіндіріліп, өтініш иесіне қайтарылады. Арнайы бөлім полиция органынан сұрау салу алғаннан кейін, анықтаманың телқұжаты өтініш иесіне беру үшін полиция органына жіберіледі. Анықтама бланкісінде "Телқұжат" деген жазба басылады. Полиция органына анықтама телқұжатының жіберілгендігі туралы өтініш иесіне х а б а р л а н а д ы .

Басқа да қажетті жағдайларда (соттылығын алып тастау мәселесін шешу үшін ақтау кезінде) мекемелердің сұрау салуы бойынша немесе сотталғандардың өтініштері бойынша еркін нысандағы анықтамалар жіберіледі.

15-тарау. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарға құжат рәсімдеу

Ескерту: 15-тараумен толықтырылды - ҚР Әділет министрінің 2006 жылғы 9 маусымдағы N 175 бұйрығымен .

111. Өлім жазасына сотталғандардың жеке істерін тергеу изоляторының бастығы сақтайды, ол өзі осы адамдарға қатысты кіріс және шығыс хат-хабарының есебін жүргізеді, сондай-ақ оларға тиісті сатыларға кешірім жасау туралы шағым, өтініш беру тәртібі мен мерзімдерін түсіндіреді. Осы мақсатпен тергеу изоляторының бастығы:

1) келген сотталғанның жеке ісін және барлық басқа құжаттарын кезекшіден алады, ол туралы келген адамдарды есепке алудың тәуліктік ведомосына жазады;

2) тергеу изоляторында ұсталатын айыпталушыны өлім жазасына на соттау туралы сот үкімі шығарылған жағдайда, арнайы есепке алу бөлімінде жеке ісін алады және өзінде сақтайды;

3) соттан үкімнің көшірмесі түскеннен кейін арнайы есепке алу бөлімінің бастығымен бірге сотталғанға қолхат бойынша үкімнің көшірмесін тапсырады және апелляциялық шағым беру тәртібін түсіндіреді. Өлім жазасына сотталғанның үкім көшірмесін алған жөнінде қолхатты сотқа жібереді, ал ілеспе құжаттың көшірмесін сотталғанның жеке ісіне тіркейді;

4) бірінші сатының шығарған сот үкімін алған соң 5 жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аймақтық мекемесіне сотталған жөнінде мәлімет жіберуге арнайы есепке алу бөлімінің бастығына нұсқау береді;

5) бір тәулікке жеткізбей, сотталғаннан түскен апелляциялық шағымды сотқа жіберуді қамтамасыз етеді.

112. Үкімнің заңды не апелляциялық қаулының күшіне енгені туралы соттың хабарламасы түскен күні, бірақ келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, тергеу изоляторының бастығы сотталғанға үкімнің заңды күшіне енгені жөнінде хабарлайды. Қосымша бұл туралы хабарлама апелляциялық қаулыны алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде ҚСАЕК аумақтық органдарына жібереді.

Өлім жазасына сотталғандарға тергеу изоляторының бастығы Қазақстан Республикасы Президентінің атына кешірім жасау туралы өтініш беру құқығын, оның мерзімі мен тәртібін, сондай-ақ өтініш дайындауда заңды көмек алу құқығын түсіндіреді.

Өлім жазасын орындауға мораторий енгізген жағдайда, өлім жазасына сотталған мораторий тоқтатылған соң бір жыл ішінде, ол мораторий жарияланғанға дейін немесе мораторий уақытында өтініш берген немесе бермегеніне қарамастан, кешірім жасау туралы өтініш беруіне құқығы бар.

113. Тергеу изоляторы бастығының қолымен куәландырылған және мекеменің елтаңбалы мөрімен бекітілген кешірім жасау туралы өтінішті (33-қосымша) мекеме басшылығының қабылдағанынан үш күннен асырмай Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жолдайды.

114. Егер өлім жазасына сотталған аталған мерзім ішінде кешірім жасау туралы өтініш бермесе немесе ондай өтініш беруден бас тартатынын білдірсе, өлім жазасына сотталған ұсталатын мекеме басшылығы осыған байланысты акті жасайды (34-қосымша).

Үкімнің заңды күшіне енгеніне бір жыл өткеннен кейін немесе өлім жазасын орындауға мораторийдің тоқтатылуына бір жыл өткеннен кейін мекеме бастығы немесе оның міндетін атқаратын адам, заңдылықтың орындалуын қадағалайтын прокурор және мекеме дәрігерінің қатысуымен үш данада акті жасайды, онда өтініш бермейтіні туралы немесе мерзімінің өту себептері көрсетіледі.

Мекеме бастығының, прокурордың және дәрігердің қолдары қойылған актіге сотталған қол қояды, егер ол қол қоюдан бас тартса, бұл туралы актіде, қол қоятын адамдардың куәландыруымен арнайы белгі соғылады. Мекеменің елтаңбалы мөрімен бекітілген актінің, оның толтыруына 3 күннен кешіктірілмей 1 данасы сотталғанның тәртібі мінезделетін мәліметтерімен бірге Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жолданады.

115. Кешірім жасау туралы өтініштің не бас тарту туралы актінің және мінездеменің екінші даналары өлім жазасына сотталғанның жеке ісіне тігіледі. Кешірім жасау туралы өтініштің не бас тарту туралы актінің үшінші данасы қылмыстық істің материалдарына тіркеу үшін үкім шығарған сотқа жіберіледі.

116. Сотталғанға өлім жазасы түріндегі жазаны (рақымшылық жасау тәртібімен немесе апелляциялық не қадағалау сатысы) бас бостандығынан айырумен ауыстырған жағдайда мекеме бастығы міндетті түрде бұл туралы сотталғанға жариялайды және үкім шығарған сот пен жазаны орындау заңдылығын қадағалау жөніндегі прокурорға хабарлайды. Сотталған түзеу мекемесіне жіберілгенге дейін өлім жазасына сотталғандарды ұстауға арналған камерадан кез келген кішігірім камераға ауыстырылады.

117. Өлім жазасына сотталғанға мекеме бастығы үкім заңды күшіне енгеннен кейін өсиет қалдыруға немесе мүліктік сипаттағы өзге де иеліктерге құқығын түсіндіреді.

118. Өсиет қалдыру, сенім хат толтыру адвокаттың қатысуымен сотталған ұсталып жатқан мекемеде толтырылады және мекеме бастығымен куәландырылады. Мекеме бастығы аталған құжаттардың толтырылуы және көрсетілген адресаттарға жіберілуі туралы анықтама әзірлейді және сотталғанның жеке ісіне тіркейді.

119. Өлім жазасына сотталғандардың үкімдерін орындау Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі белгілеген орындарда жүргізіледі.

120. ҚАЖК (өлім жазасына сотталған ұсталып жатқан мекеме қарамағындағы) аумақтық ҚАЖД бастығы алған үкім шығарған соттың елтаңбалы мөрімен куәландырылған орындау туралы ұйғарымы өлім жазасы туралы үкімді орындауға негіздеме болып табылады, оған мынадай құжаттар тіркелуі тиіс:

- 1) соттың өлім жазасы түріндегі жаза тағайындау туралы үкімі;
- 2) Қазақстан Республикасы Президентінің өлім жазасына сотталғанға кешірім жасау туралы ұсынымды қанағаттандырудан бас тарту немесе рақымшылық жасау актісін қолданбау туралы Жарлығы;
- 3) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының қадағалау тәртібімен сот үкіміне наразылық білдіруге негіздемелердің жоқтығы туралы қорытындысы;
- 4) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының қадағалау тәртібімен істі қарауға негіздемелердің жоқтығы туралы қорытындысы.

Ескерту: 120-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

121. Осы Нұсқаулықтың 120-тармағында аталған соттан алынған құжаттарды, сондай-ақ сотталғанның жеке басын куәландыратын құжатты ҚАЖК аумақтық ҚАЖД бастығы ҚР ӘдМ ҚАЖ комитетінің төрағасына "Өз қолына" деген белгісі бар арнаулы құпия пакетпен жібереді.

Ескерту: 121-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

122. Қарамағында өлім жазасына сотталған ұсталатын мекеме бар ҚАЖК аумақтық ҚАЖД бастығы ҚАЖ комитетіне шифрлы жеделхатпен өлім жазасына сотталғанға ерекше қарауыл беруге өтінім жібереді. Қазақстан Республикасы ІІМ Ішкі әскер комитеті ерекше қарауыл тағайындаған соң, ҚАЖК аумақтық ҚАЖД бастығы мекеме бастығына өлім жазасына сотталғанды бекітілген тергеу изоляторында одан әрі ұстау үшін айдауылдауға нұсқау береді.

Ескерту: 122-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2010.12.22 № 341 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Бұйрығымен.

123. Өлім жазасына сотталғанды айдауылдауға нұсқау алғаннан кейін мекеме б а с т ы ғ ы :

1) оның баратын орнын хабарламай, сотталғанға басқа мекемеге одан әрі ұстау үшін ауыстырылатынын жариялайды;

2) оны ерекше қарауылмен баратын жеріне жіберілуін қамтамасыз етеді;

3) айдауыл жөніндегі барлық құжаттарында, соның ішінде жеке ісі бойынша анықтаманың 6-тармағында "одан әрі ұстау үшін" деп көрсетеді;

4) N 1 нысандағы есепке алу карточкасында "Үкім бойынша жөнелтілді. Анықтаманы мекеме бастығы береді" деп белгілейді;

5) кездесу және сәлем-сауқат бөлімдерінен анықтама карточкасын, сондай-ақ камералық карточкасы мен дәрігерлік-санитарлық картасын алып, оларды сотталғанның жеке ісіне тіркейді;

6) сотталғанның жеке ісіне оның қамауда ұсталу кезінде мекемеге жүгінген зайыбының, жақын туыстарының бар-жоғы туралы жазбаларға салыстыру жүргізеді.

124. Өлім жазасына сотталғанды бекітілген тергеу изоляторына жіберер алдында және жіберу кезінде, кешірім жасау туралы өтінішті қанағаттандырмау немесе рақымшылық жасау актісін қолданбау, оның ісі бойынша үкімді орындау ұйғарымының болуы туралы хабарлауға тыйым салынады. Туыстарына және өзге де адамдарға өлім жазасына сотталғанның жөнелтілген орны туралы хабарланбайды.

125. Өлім жазасына сотталған үкім орындалғанға дейін өлген жағдайда мекеме басшылығы сотталғанның өлімі жөнінде міндетті түрде үкім шығарған сотқа, апелляциялық сотқа (егер сотталған апелляция берсе) және Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне (егер онда сотталғанның материалдары қарауда болса) жеделхатпен хабарлайды.

Осындай тәртіппен сотталғанға қатысты басқа да өзгерістер туралы (оның жаңа қылмыс жасағаны, қашып кетуі және тағы да басқа) хабарланады. Сотталғанның өлімі заңнамада белгіленген тәртіппен тіркеледі.

126. Өлім жазасына сотталған үкім орындалғанға дейін өлгені туралы туысқандарына адам өлімі жөнінде хабар қағаз жібереді, сонымен бір мезгілде қайтыс болған адамның денесін беру жөніндегі мәселе шешіледі.

127. Үкімі іске асырылған өлім жазасына сотталғанның қайтыс болуын тіркеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:
үкімді орындаған мекеменің әкімшілігі:

1) сотталғанның жеке басын куәландыратын қоса берілген құжаттарымен бірге қамауда ұстау орынында қайтыс болған адамның өлгені туралы (35-қосымша) хабарламаны өлім жазасы туралы үкім шығарған сот орналасқан аудандық (қалалық) әділет басқармасына жібереді.

Аудандық (қалалық) әділет басқармасына жіберілетін хабарламада "Өлім орыны" деген жолда өлім жазасы туралы үкім шығарған соттың орналасқан жерін көрсетеді. "Өлім фактісін растайтын құжаттар" деген жолда - қай соттың соттағаны, үкім шығарған уақытын көрсетеді, өлу себебін көрсетпейді;

2) үкім шығарған сотқа үш күндік мерзімде оның орындалғаны туралы өлім жазасына сотталғанның өлімін тіркеген аудандық (қалалық) әділет басқармасын көрсетіп, хабар жібереді (36-қосымша);

3) үкім орындалған жердің ҚСАЕК аймақтық бөліміне сотталған жөнінде хабарламаның (37-қосымша) 2 данасын, соңғысының өлім жазасына үкім шығарылған жердің ҚСАЕК аумақтық бөліміне және ҚСАЕК орталық органына "үкім бойынша жөнелтілді" деген белгісімен үкімнің орындалу фактісін көрсете отырып, бөлек хатпен жібереді;

4) өлім жазасының орындалғаны туралы (38-қосымша) және өлімі туралы куәлікті қай жерден алатын хабарламаны зайыбына немесе сотталғанның жақын туыстарының біріне жібереді.

128. Үкім орындалған өлім жазасына сотталғанның мәйітін жерлеген жері туралы ақпарат беру жөніндегі барлық өтініштер мәні бойынша жауап қайтару үшін ҚАЖ комитетіне жіберіледі. Үкім орындалған өлім жазасына сотталғанның мәйітін жерлеген жері жөнінде мәлімет жерленгеннен кейін екі жыл өткен соң туыстарына хабарланады, одан бұрын ақпарат сұрағандарға, бұл мәселе бойынша жерленгеннен кейін екі жыл өткен соң өтініш беру қажеттілігі туралы х а б а р л а й д ы .

Үкім орындалған өлім жазасына сотталғанның зайыбына, туыстарына және өзге де адамдарға үкім орындалған жерді жария етуге тыйым салынады.

129. Тергеу изоляторының әкімшілігі, әділет органдары және прокуратура үкім орындалған өлім жазасына сотталғанның туыстарына және өзге де адамдарға өзгелей ауызша және жазбаша анықтамалар бермейді.

Үкім орындалған өлім жазасына сотталғанның өлімі туралы куәлік алу туралы өтініш қайта келсе, өтініш берушілерге үкім шығарған сотқа жүгінгені жөн екені хабарланады

ҚР ӘДМ 2004 жылғы 9 шілдедегі
N 210 бұйрығымен бекітілген,
Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің Қылмыстық-атқару
жүйесі комитетінің тергеу
изоляцияларының арнайы есеп
бөлімдерінің жұмысы туралы

нұсқаулыққа N 1 Қосымша
(бірінші бетінің сыртқы жағы)

**Күдіктінің, айыптының (сотталғандардың)
ЖЕКЕ ІСІ**

Тегі _____
Аты-жөні _____

Әкесінің аты _____

Басталды 200 ж. " " _____

Аяқталды 200 ж. " " _____

Арх. N _____

Жеке істің бетіне басқа
жазбалар жазуға тыйым салынады

(бірінші беттің ішкі жағы)

Айыптының (сотталғанның) есепке қосылуы (ауыстырылуы) туралы
М Ә Л І М Е Т Т Е Р

Күні | Кіммен есепке алынған

АЙЫПТЫНЫҢ (СОТТАЛҒАННЫҢ) ҚОЗҒАЛЫСЫН ТІРКЕУ

ТИЗО, |ТИЗО-ның, |Болу уақыты |Жеке істің тіркелген нөмірі
коло. |колонияның |-----|

нияның|орналасқан | Кел. | Кет. |

атауы |жері (қала, | | |

| а у ы л , Т Ж | | |

| с т а н ц и я с ы) | | |

(бірінші жапсырма парақ)

1-Бөлім

Жеке істің бірінші бөліміне мына құжаттар тігіледі:

Жазалау шараларын таңдау туралы қаулы; ұстау хаттамасы немесе қамауға алынғаны туралы анықтама; хаттама немесе тұтқынға алу кезінде тінту актісі; қамауға алынғанның анкетасы; дактилоскопиялық картасы; сотталған жазасын өтеп жатқандағы бойынша көшірме (үкімнің көшірмесі); апелляциялық анықтаудың көшірмесі немесе үкімнің заңды күшіне енгені туралы соттың ескертпесі; бұрынғы сотталғандығының бары немесе болмағандығы туралы анықтама; үкімнің орындалу мәселелері бойынша соттың анықтау көшірмесі; үкімнің өзгеруі туралы немесе бас бостандығынан айыру орындарынан босатылу туралы анықтау көшірмесі немесе соттың қаулысы (сонымен қатар, шартты-мезгілді босатылу, бас бостандығынан айыру мерзімінің жарты бөлігін жеңіл жазамен ауыстыру туралы, шартты босатылу туралы, жазаны өтеуді ауруы бойынша босатылу); Қазақстан Республикасы Президентінің кешірім туралы Жарлығын орындау туралы жазбасы; амнистияны қолдану туралы қаулылар, хаттаманың шығуы және басқа да құжаттар; босатылу немесе үкімнің өзгеруі туралы құжаттардың орындалу туралы хаттардың көшірмесі; өлімі туралы медициналық құжаттардың көшірмесі, қаза болған жағдай туралы акт, (егер өлім несчастынй ретінде болса), соттық-медициналық айқындау акті (егер ол болған болса), жерлеу туралы немесе өлікті туыстарына беру туралы акт, сотталғанның өлімі туралы АХАЖ органдарына және туыстарына жіберілген хабарлардың көшірмесі; сотталғанның қашуы туралы хабарлар; босатылғаны туралы анықтамалардың көшірмесі; ақшаны, заттарды және басқа да бұйымдарды, сонымен қатар ордендарды, медальдарды және құжаттарды алып қою туралы кивтанцияның (актінің) көшірмесі; өліп қалған адамдардың заңды мұрагеріне жеке заттарын, ақшаны және басқа да бағалы заттарды беру немесе салып жіберу туралы кивтанция; өндірістік зақым және бас бостандығынан айыру орындарында болған уақытта мүгедектік алғаны туралы актілер. Барлық құжаттар олардың түсуі бойынша тігіледі және тізімге кіргізіледі.

Жеке істің бірінші бөлімінде орналасқан құжаттардың

Т і з і м і

NN	п/п		Құжаттың атауы		Беттердің нөмірлері		Ескертпе
----	-----	--	----------------	--	---------------------	--	----------

(екінші жапсырма парақ)

2 Бөлім

Жеке істің екінші бөліміне мына құжаттар тігіледі:

Сотталғанның мінездемесі; шартты-мезгілді, шартты босатылу, бас бостандығынан жазаның жарты бөлігін жеңіл жазамен ауыстыру, ҚК ауыстыру, ерекше режим колониясынан қатаң режимдегі колонияға ауыстыру, жаза мерзіміне қысқарту, және де осы мәселелер бойынша бақылау комиссиясының шешімі, сотталғандарды ерекше бақылауы қажет туралы анықтама-орентир (егер ол қашуға және анаша шегуге және т.б. құмар болса) мәселелері бойынша комиссия отырысының хаттамасынан шығарылуы; марапаттау және жазалау туралы құжаттар; айдауылдан шығару (айдауылдау) туралы қаулылар және оған құжаттар; инстанцияларға шағымдар мен өтініштер, шағымдар мен өтініштерге жіберілгені туралы қосымша хаттың көшірмесі; сұраулардың хаттамасы; мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерді жарияламау туралы подписка; сотталғанның түзелуінің мәні бар, оның тәртіп мінезіне, байланысына басқа құжаттар .

Барлық құжаттар олардың түсуіне қарай тігіледі және тізімге кіргізіледі. Белгіленген тәртіппен құжатталмаған құжаттарды, олардың шығарылуы, құжаттардың жобасы және басқа да дұрыс емес материалдарды тігуге тыйым салынады.

**Жеке істің бірінші бөлімінде орналасқан құжаттардың
Т і з і м і**

NN	п/п	Құжаттың атауы	Беттердің нөмірлері	Ескерту
----	-----	----------------	---------------------	---------

(екінші беттің ішкі жағы)
құжаттары бар конвертті

жапсыруға арналған орын

**Конвертте бар құжаттардың
Т і з і м і**

NN	п/п	Құжаттың атауы	Беттердің нөмірлері	Ескерту
----	-----	----------------	---------------------	---------

ҚОЛХАТ

Маған тиесілі құжаттарды, заттарды, ақшаларды, бағалы заттарды
б о с а т ы л ғ а н к е з д е

Толығымен алдым _____

(босатылғанның қолы)

200 ж. " __ " _____

Істе барлығы _____ парақ бар.

(аты-жөні, лауазымы, мұрағатқа тапсыру үшін құжатты дайындаған адамның қолы)

ҚР ӘдМ 2004 жылғы 9 шілдедегі
N 210 бұйрығымен бекітілген,
Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің Қылмыстық-атқару
жүйесі комитетінің тергеу
изоляцияларының арнайы есеп
бөлімдерінің жұмысы туралы

нұсқаулыққа N 2 Қосымша

(а л д ы ң ғ ы б е т і)

N 1 нысанды есептік кәртiшке

1.Тегі _____ Орган _____

2.Аты-жөні _____ (кіммен тұтқындалды -

3.Әкесінің аты _____ қысқартуларсыз)

4.Туды " __ " _____ 19 __ ж. _____

5.Туған жері _____

6.Мекен-жайы _____

7.Мамандығы() _____ істердің NN

8.Жұмыс істейтін жері, _____ лауазымы

След.

9. Ұлты _____

10. Азаматтығы _____ Мұражай _____

11. 200 ж. " __ " _____ Дактило-

Тұтқынға алынды _____

12.Қылмыстың түрі _____

Формула

13.ҚР ҚК бп _____

Кәртiшке құрылды _____

(органның атауын Оң қолының нұсқағыш саусағының көрсету)

200__ ж. " ___ " _____

(кәртiшкенi құрастырғанның тегi)

(екiншi бетi)

Кiммен сотталды _____

Қашан _____ ст.ст. _____

_____ ҚР ҚК _____

Мерзiмi _____ жыл _____

(қосымша шараларды толықтай көрсету)

Үкiм заңды күшiне ендi _____

(Аумағы 140 x 95мм)

(алдыңғы бетi)

ҚР ӘдМ 2004 жылғы 9 шiлдедегi
N 210 бұйрығымен бекiтiлген,
Қазақстан Республикасы Әдiлет
министрлiгiнiң Қылмыстық-атқару
жүйесi комитетiнiң тергеу
изоляцияларының арнайы есеп
бөлiмдерiнiң жұмысы туралы

нұсқаулыққа N 3 Қосымша

Бақылау-мерзiм картотекасының кәртiшкесi

1. Мерзiмнiң аяқталуы 200__ ж. " ___ " _____

2. Тегi _____

3. Аты-жөнi _____ Әкесiнiң аты _____

4. Жеке iс N _____

Кәртiшкенi құрастырған _____

(лауазымы, тегi, қолы)

(Аумағы 140x95мм)

ҚР ӘдМ 2004 жылғы 9 шiлдедегi
N 210 бұйрығымен бекiтiлген,
Қазақстан Республикасы Әдiлет
министрлiгiнiң Қылмыстық-атқару
жүйесi комитетiнiң тергеу
изоляцияларының арнайы есеп
бөлiмдерiнiң жұмысы туралы

нұсқаулыққа N 4 Қосымша

АНЫҚТАМАЛЫҚ КӨРТІШКЕ N _____

1.Тегі _____

2.Аты-жөні, әкесінің аты _____

3.Жылы _____

4.Камераға орналастырылған _____

Корпус N _____ 200__ж.

ТИЗО бастығының кезекші көмекші _____

АУЫСТЫРЫЛУЫ ЖӘНЕ КЕТУІ ТУРАЛЫ БЕЛГІЛЕРІ

а) Т И З О - ғ а а у ы с т ы р ы л у ы

К ү н і | | | | | | | | |

Камераның N | | | | | | | | |

Корпустың N | | | | | | | | |

б) к е т у і

ТИЗО-дан 200__ж. _____ "___" _____

ТИЗО қабылдау бөлмесінің қызметкері

ХАБАРЛАР ЖӘНЕ КЕЗДЕСУЛЕР ТУРАЛЫ БЕЛГІЛЕРІ

1 . Х а б а р л а р

К ү н і | | | | | | | | |

К ү н і | | | | | | | | |

2 . К е з д е с у

К ү н і | | | | | | | | |

К ү н і | | | | | | | | |

Марапаттау шаралары | Жазалау шаралары

Бөлу сызығы

ҚР ӘДМ 2004 жылғы 9 шілдедегі
N 210 бұйрығымен бекітілген,
Қазақстан Республикасы Әділет
министрлігінің Қылмыстық-атқару
жүйесі комитетінің тергеу
изоляцияларының арнайы есеп
бөлімдерінің жұмысы туралы

нұсқаулыққа N 5 Қосымша

КАМЕРАЛЫҚ КӨРТІШКЕ N _____

Жеке істің N _____

Бас бостандығынан айыру орындарындағы бұрынғы жазалары (иә, жоқ)

Бөлектеу тізімі N _____

1.Тегі _____

2.Аты-жөні, әкесінің аты _____

3.Туған жылы _____

4.ҚР ҚК _____ баптары бойынша жүгіндіріледі

5. бұрын _____ рет бп. бойынша сотталған _____

6. ТИЗО-ға келген күн _____

7. 200 ж. "___" сотталған _____ |Каме. |Күні|Ауыстыру

8. сотпен анықталған колонияның түрі _____ |раның | |туралы нұс.

9. Қабылдау кезінде жеке тінтуді _____ |нөмірі| |қау берген
жүргізді _____ | _____ | адамның қолы.

N _____ Камераға орналастырсын (нұсқау берген адамның қолы) _____

Сақтауға алынған заттарға N _____ акті құрылды

Квитанциялар жазылып берілген N _____

Қашан және қайда кетті _____

(сыртқы беті)

Сотталғанда (тұтқынға алынғанда) түскен кезде болған, және де
алынған хабарлар, посылкалардың және камерада сақтауға рұқсат
етілетін жеке заттарының тізімі

N N| Атауы және қысқа | Саны | Күдікті, айыпты және
